AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

СЕЙСЕНБІ №127 (4812)
10.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Хун Манетке Камбоджа Корольдігінің Ұлттық күніне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті айтулы мереке Камбоджа халқының бай тарихи-мәдени мұрасын, ұлттық бірлігі мен ынтымағын ұлықтайтынын атап өткен. Сондай-ақ екіжақты ынтымақтастық дәйекті түрде дамып келе жатқанына тоқталған.

– Жуырда Қазақстанға жасаған сапарыңыздың нәтижесін нақты іске асыруға ден қойып отырмыз. Қол жеткізілген уағдаластықтар елдеріміз арасындағы достық байланыстарды одан әрі нығайтуға тың серпін береді деп сенемін, – делінген жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Хун Манеттің жауапты мемлекеттік қызметіне мол табыс, ал Камбоджа халқына құт-береке тіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Мемлекет басшысы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Рауан Кенжеханұлын қабылдады.



Президентке «Қазақ тілі» қоғамы қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру, қазақша мазмұнды байыту және жаңа технологиялар саласында тілдің қолданыс аясын кеңейту секілді үш негізгі бағыт бойынша жобаларды жүзеге асырып жатқаны жөнінде баяндалды.

Рауан Кенжеханұлы OpenAI компаниясымен бірлескен жоба аясында көлемі 14 миллиард токен болатын мәтін корпусы қалыптасқанын және 12 мың сағат аудиожазба жинақталғанын айтты. Соңғы үш жылда Disney, Pixar және Sony студияларының 13 танымал фильмі қазақ тілінде дыбысталып, үлкен экранға шықты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа Qazaq Tili Endowment қорының жұмысы туралы мәлімет берілді. Қазірге кезде қорға түскен жарна көлемі 824 миллион теңгеге жеткен.

Мемлекет басшысы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қызметіне жоғары баға беріп, алдағы жоспарлары табысты болуына тілектестік білдірді.

Президент мемлекеттік тілді үйрету, сондай-ақ ғылыми шығармаларды аудару ісінде жасанды интеллектінің әлеуетін барынша пайдалану маңызды екенін атап өтті.

ТАРТЫСТЫ БОКС ТА ТӘМАМ



Осыдан бірнеше күн бұрын ғана Таразда бокстан Қазақстан чемпионаты мәресіне жетті. Биылғы ел біріншілігі 30 қазанда басталып, 1 аптаға жалғасты. Айта кетерлігі, дүбірлі дода Әулиеата жерінде 12 жылдан кейін қайта ұйымдастырылып отыр. Спорттық сынға 337 (223 ер, 124 әйел) спортшы қатысып, 20 салмақ дәрежесі бойынша бақ сынасты. Олардың тоғызы, яғни ерлер арасында 5 боксшы және әйелдер арасында 4 спортшы мансабында алғаш рет ел чемпионы атанды. Таразда өткен тартыстың басты жаңалығы да осында: бокс әлемі жас чемпиондармен толыға түсті.

→ 8

АҚОРДА

АЗИАДА ТӨРІНДЕ АСҚАҚТАҒАН РУХ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Азия ойындары және Азия параойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қатысты.

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде Қазақстан спортшылары Жапонияда өткен XX Жазғы Азия ойындары мен V Азия параойындарында тамаша нәтиже көрсетіп, еліміздің мәртебесін асырғанын айтты.

– Бұл – мемлекетіміз үшін шын мәнінде үлкен жетістік және зор мақтаныш! Баршаңызға жарқын жеңістеріңіз құтты болсын деймін! Сіздер құрлықтың ең мықты спортшылары қатысқан дүбірлі дода кезінде ел намысын қорғап, жүзден жүйрік шықтыңыздар! Ұлттық құраманың табанды еңбегінің арқасында Азиада төрінде рухты Әнұранымыз шырқалды, көк Туымыз биікте желбіреді. Мен әрбір жеңісті нағыз патриотизмнің айқын көрінісі деп санаймын. Тұтас халқымыз сіздерге қолдау көрсетті, жанкүйер болды. Әр спортшының ел қоржынына қосқан медалі азаматтарымызға, әсіресе өсіп келе жатқан жас буынға үлкен шабыт береді, оларды мықты, күшті болуға үндейді және алға жетелейді. Бүгін осы мерейлі сәтте мен Мемлекет басшысы ретінде баршаңызға тағы да шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың жеңісті жолы елімізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер рухымен терең үндесетінін атап өтті. Президент соңғы жылдары еліміздің экономикасы айтарлықтай нығайып, жаңа даму көрсеткіштеріне қол жеткізе бастағанын тілге тиек етті.

– Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша мемлекетіміздің жалпы ішкі өнімінің көлемі 398 миллиард долларға жақындайды. Бұл – біздің аймағымыздағы ең жоғары көрсеткіш болмақ. Бірақ қазіргідей құбылмалы уақытта, әрине, қолда бар табысқа мәз болып, жайбарақат отыруға болмайды. Бәріміз осындай алмағайып заманда еліміздің әлеуетін арттыра түсу үшін белсенді әрі қажырлы еңбек етуіміз керек, – деді ол.

Мемлекет басшысы алдымызда тұрған биік мақсаттар мен ауқымды жұмысқа тоқталды.

– Өздеріңіз білесіздер, мен жақында жариялаған халыққа Жолдауымда бұл міндеттерге жан-жақты тоқталып өттім. Елімізде келесі жылы «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» аясында ірі құрылыс науқаны басталады. Дегенмен мұны жай ғана уақытша науқан емес, нағыз «Халықтық құрылыс», яғни тұтас қоғамның игілігі үшін істелетін тарихи құрылыс жұмысы деп түсінген жөн. Еліміздің әр азаматы, әсіресе өскелең ұрпақ қауіпсіз, қолайлы және сапалы ортада өмір сүруге хақы бар. Бұл міндетті орындау ел Президенті ретінде мен үшін бірінші қатардағы басымдық болмақ. Сондықтан «Халықтық құрылыс» барысында еліміздің барлық аймағында көптеген әлеуметтік нысандар – мектептер, ауруханалар, емханалар, ерекше қажеттілігі бар балаларды оңалту орталықтары, мәдениет және өнер ошақтары, спорт орталықтары, сондай-ақ тұрғындарымыздың тұрмыс сапасын жақсартатын аса қажетті инфрақұрылым нысандары салынады. Шын мәнінде, біз бұрынсоңды болмаған «Халықтық құрылыс» бағдарламасын іске асыруға кірісіп жатырмыз. Бұл бастама еліміздің кескінін түбегейлі өзгертіп, азаматтардың тұрмыс сапасын айтарлықтай арттыра түседі. Ауқымды құрылыс қалалар мен аудандардың барлығында жүргізіліп, азаматтық инфрақұрылымды түгел жаңартады. Қазіргі бұлыңғыр, болжамсыз дәуірге деген біздің жалпыұлттық жауабымыз: бұл – «Құрылыс және тағы да құрылыс!». Себебі, меніңше, құрылыс жұмыстары, бұл – еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалын арттырудың жалғыз ғана жолы. Бұл сөздің астарында келешек ұрпақтың игілігіне берік негіз қалайтын жасампаздыққа тұтас ұлтты жұмылдыру міндеті тұр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық ауқымдағы бұл жұмыс барлық саланың, соның ішінде спорт саласының дамуына айрықша серпін беретініне назар аударды.

– Бағдарлама аясында жаңа спорт нысандары мен инклюзивті орталықтар бой көтереді. Қазақстанда әрбір баланың спортпен айналысуға мүмкіндігі болуы керек. Бұл – әлеуметтік мәні терең міндет қана емес, осы міндеттің саяси мағынасы әлдеқайда маңызды. Еліміздің шалғай ауылдарында болашақ чемпиондар, яғни жеңімпаздар өсіп келе жатыр. Олардың бәріне бірдей жағдай жасалуға тиіс. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мақсаты да – осы, – деді Мемлекет басшысы.

Президент спорт саласы әрдайым мемлекеттің басты назарында тұратынын айтты.

– Былтыр «Дене шынықтыру және спорт туралы» заңға бірқатар маңызды түзету енгізілді. Мемлекеттік деңгейде басымдық берілетін спорт түрлері айқындалды. Соңғы бес жылда елімізде спорт саласын дамытуға 616 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсалды. Жалпы, қазір осындай нақты шаралар өз нәтижесін беріп жатыр деуге болады. Спортшыларымыз жаһандық аренада жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, мемлекетіміздің беделін көтеріп жатыр. Осы орайда, параойындарда 100 метрге жүгіруден Азия рекордын жаңартқан Айсұлу Сүлейменованың қайсарлығын ерекше атап өткен жөн. Айсұлу Сүлейменова қазақтың рухы биік, намысы зор батыр қыздарының жолын лайықты жалғастырып келеді. Ол тағдырдың қиын сынағына тап болса да, тек қана алға ұмтылып, көпке үлгі болып жүр. Қазір Құрылтай депутаты ретінде азаматтық борышын адал атқарып, ел игілігі үшін қызмет етіп келеді. Қазақ «Күш – білекте емес, жүректе» дейді. Расында асқақ арман мен мұқалмас жігер тоғысқан жерде алынбайтын асу жоқ. Сондықтан параспортшылардың бойындағы жанкештілік пен табандылық әрдайым зор құрметке лайық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)



ЦИФРЛЫҚ СЫҢАР – УРБАНИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Қаладағы жол кептелісі, тұрғын үйдегі шектен тыс су шығыны, коммуналдық желідегі немесе энергетика нысанындағы ақау қаупін проблема туындамай тұрып анықтауға бола ма? Бұл фантастика емес, цифрлық технологиялар мұның қазірден мүмкін екенін көрсетіп отыр.

→ 5

ПОЛИЦИЯ ФОРМАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ: ЗОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ НӘЗІК КҮШ



Елімізде дағдарыс орталықтарына жиі жүгінетін әйелдердің саны артқан. Мәселен, биыл тоғыз айда 90 мыңнан астам отбасылық жанжал шығарушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,4%-ға көп. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында дағдарыс орталықтарына балалары бар 4,5 мың әйел орналастырылған.

→ 5

АҚОРДА

10 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

АЗИАДА ТӨРІНДЕ АСҚАҚТАҒАН РУХ

(Басы 1-бетте)



Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы дүбірлі додада ел намысын абыроймен қорғаған спортшылардың жетістіктеріне тоқталып өтті.

– Азия ойындарында бақ сынаған белгілі спортшымыз Темірлан Тілеулестің есімі де отандық және әлемдік спорт тарихында қалатыны сөзсіз. Ол таэквондодан ел тарихындағы алғашқы алтын медальді жеңіп алды. Боксшыларымыз Төрехан Сабырхан мен Айбек Оралбай чемпион атанып, ел намысын абыроймен қорғады. Қазақстанның мақтанышы атанған тағы бір спортшымыз – Софья Берульцева. Софья Токио Олимпиадасында каратэден қола жүлде алып, мемлекетіміздің абырой-беделін биіктетті. Ол осыдан төрт жыл бұрынғы Азия ойындарында алтын медаль еншіледі. Енді, міне, Жапония төрінде нағыз спорт шебері екенін тағы бір мәрте дәлелдеп, Азиаданың екі дүркін чемпионы атанды. Қазақстан тарихында алғаш рет Азия ойындарының алты дүркін чемпионы атанған Алексей Луценко арамызда отыр. Ол Жапонияда өткен Жазғы Азия ойындарында жекелей және топтық веложарыста қос алтын медальді жеңіп алды. Алексей Луценко жылдар бойғы табанды еңбегінің, темірдей тәртібінің және қайсар мінезінің арқасында тамаша табысқа жетті. Параазия ойындарының екі мәрте чемпионы атанған Давид Дегтярев кәсібиліктің, ерліктің әрі жеңіске деген құштарлықтың жарқын үлгісін көрсетті. Өткен жарыстарда Азияның жаңа рекордын орнатып, жеңіс тұғырына көтерілді. Пауэрлифтер Давид Дегтярев еліміздің және әлемнің ең атақты атлеттерінің бірі – екі Жазғы Паралимпиада ойындарының жеңімпазы, үш дүркін әлем чемпионы. Спортшыларымыз өз жетістіктері арқылы Қазақстанның Туын халықаралық аренада биікте желбіретіп жүр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бүгінде спорт мемлекеттің жаһандағы абыройы мен беделінің көрсеткіштерінің біріне, қоғамдық дипломатияның құралына айналды.

– Біз спорттың осы әлеуетін толығымен пайдалануымыз қажет. Қазақстан спорт державасы ретіндегі позициясын дәйекті түрде нығайтып, елімізде ең жоғары деңгейдегі жарыстарды ұйымдастырып келеді. 2027 жылы бокс, дзюдо, таэквондо, үстел теннисі және киберспорт секілді танымал спорт түрлерінен әлем чемпионатын өткіземіз. Яғни елордада жоғары деңгейде бірқатар дода ұйымдастырылады. Бұдан бөлек, Қазақстанда жасөспірімдер арасында шорт-тректен әлем біріншілігі ұйымдастырылады. Көктемде Астанада УЕФА-ның 51-ші Конгресі өтеді. Бұл бүкіл әлемдегі кәсіпқой футболшылар мен футболсүйер қауымның қызығушылығын тудырады. Атап өткен жөн, мұндай ауқымды, жұртшылық назарындағы спорттық іс-шараларды ұйымдастыру салалық министрлік пен федерацияның, жалпы Үкімет пен Ұлттық олимпиада комитетінің бірлесе аянбай жұмыс істеуін талап ететіні түсінікті. Өйткені мұнда Қазақстанның абыройбеделі сынға түседі. Бұл жарыстардың бәрі еліміздің имиджін арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылымды, туризмді, отандық спорт мектебін дамытуға қызмет етеді. Биыл елордамызда Дүниежүзілік допингке қарсы күрес агенттігінің Конгресі (WADA – World Anti-Doping Agency) өтеді. Қазақстан таза, допингсіз спортты ілгерілету, озық халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді енгізу үшін күш салуға әзір. Спорттағы адал бәсекелестік қағидаттары мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының негізіне айналған әділеттілік идеясына толығымен сай келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент кез келген жеңісті жылдар бойғы дайындық пен үздіксіз еңбектің нәтижесі деп атады.

– Еліміз үшін әр медальдің орны бөлек, құндылығы жоғары. Мен осы жерде отырған спортшыларға алғыс айтамын. Чемпион болу спортшыға зор жауапкершілік жүктейді. Жеңіс тұғырына шыққан әр спортшының жолы – кәсіби спортқа бет бұрған жастар үшін үлгі-өнеге. Олар сіздерге қарап бой түзейді. Жалпы, спорт дегеніміз – халықтың сана-сезіміне ықпал ететін, кез келген адамның ойын да, бойын да түзейтін өте мықты күш. Бұл – өмірдің ақиқаты. Спорт өскелең ұрпақты әдептілікке, тазалыққа, адалдыққа, ұқыптылыққа баулиды. Жастарымыз жігерлі, ұлтымыз рухты болса, мемлекетіміз де қуатты болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қоғам болып орнықтырып жатқан жаңа этиканы, ең алдымен, ел алдында жүрген азаматтар, соның ішінде спортшылар дәріптеуге тиіс екенін айтты.

– Сіздер бұл маңызды миссияны абыроймен орындап келесіздер. Бүгінде қазақ спортының мәртебесі биік, әлеуеті мол. Сондықтан біз бұдан да жоғары көрсеткіштерге ұмтылуымыз керек. Алда төрт жылдық кезеңнің бас додасы – Лос-Анджелес Олимпиадасы келе жатыр. Жаһандық жарысқа спортшылармен қатар, тиісті министрлік пен федерациялар қазірден бастап тыңғылықты және белсенді дайындалуы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Азия ойындарында және Азия параойындарында көрсеткен жоғары жетістіктері үшін бір топ спортшыға мемлекеттік марапаттар тапсырды.

ҚҰРЫЛТАЙ

ЕЛДІК МҰРАТ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ



Жетісу облысы Қаратал ауданына қарасты Үштөбе қаласындағы Кемел Тоқаев атындағы орта мектепте Құрылтай депутаттары Дана Медеуова, Гүлназ Атамқұлова, Евгений Больгерт және Әсел Баденова жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді. Негізгі тақырып Президенттің 2026 жылғы 28 қазандағы Жолдауының басты міндеттерін түсіндіру болды.

Кездесуді депутат Дана Медеуова ашып берді. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысы Жолдауының негізгі бағыттарына жан-жақты тоқталып, білім беру, денсаулық сақтау және балаларды қорғау мәселелеріне ерекше назар аударды.

«Білім сапасы мен халықтың денсаулығы көбіне әрбір отбасының әл-ауқатын анықтайды, ол өз кезегінде еліміздің болашағын айқындайды», – деп атап өтті Дана Медеуова.

Ол денсаулық сақтау жүйесін жүйелі түрде дамыту мен медицина қызметкерлерін қолдаудың маңыздылығына тоқталып, мемлекеттік бастамалардың тиімділігі ең алдымен нақты нәтижелермен бағалануға тиіс екенін жеткізді.

Қаратал ауданының инфрақұрылымы, өзекті міндеттері мен оны одан әрі дамыту мәселелері жайлы аудан әкімі Ұлан Досымбеков баяндады. Ол Президент Жолдауының маңызына тоқталып, онда көрсетілген басымдықтардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін де үлкен маңызға ие екенін айтты.

Экономикалық тұрақтылық, салық саясаты және кәсіпкерліктің рөлі туралы депутат Гүлназ Атамқұлова жан-жақты түсіндірді. Ол салық заңнамасының негізгі ережелері мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру принциптерін айқындайтынын, ал аталған қаражаттың бір бөлігі әлеуметтік салаға бағытталатынын жеткізді.

Ал Евгений Больгерт болса, көлік логистикасы мен Қазақстанның транзиттік әлеуетінің стратегиялық маңызы туралы айтып берді. Ол көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту Жолдауда көрсетілген негізгі бағыттардың бірі екеніне тоқталды. Еліміздің тиімді географиялық орналасуы Қазақстанның халықаралық сауда бағыттарындағы рөлін нығайтуға және Қытай мен Еуропа арасындағы транзиттік тасымалдауды кеңейтуге зор мүмкіндіктер ашады.

Депутат Әсел Баденова жасанды интеллектіні дамыту мәселелеріне тоқталды. Ол Мемлекет басшысының жаңа технологиялардың кең мүмкіндіктеріне қарамастан, елімізді дамытудың басты ресурсы адами капитал болып қала беретіні туралы ұстанымын атап өтіп, заманауи технологияларды ең алдымен оқуға, кәсіби өсуге және өзін-өзі дамытуға пайдалану қажеттігіне назар аударды.

Үштөбе тұрғындарымен кездесу ашық диалогқа ұласты. Қатысушылар депутаттарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, ойларын ортаға салып, өзекті мәселелерді де көтерді. Әңгіме мазмұнды әрі жемісті өтті.

Депутаттар тұрғындарға өздерін мазалаған мәселелерін белсенді көтеріп, өтініштерін жазбаша түрде жолдауға шақырды. Әрбір өтініш қаралып, ресми жауап берілетіні де айтылды.

Мұндай ашық диалог, өзара байланыс және бірлескен жұмыс өз кезегінде қоғамның сұраныстарын тереңірек түсінуге және алға қойылған өзгерістердің нақты істер мен нәтижелерге ұласуына мүмкіндік береді.

«Депутат ретінде біз сіздермен тұрақты түрде байланыста бола отырып, аталған өзгерістерді заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етуге қатысып, олардың іс жүзінде орындалуын бақылауымыз қажет», – деп түйіндеді сөзін Дана Медеуова.

Ұлытау және Жамбыл облыстарында өткен кездесуде Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген басымдықтар талқыланды. Құрылтай депутаттары, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері және вице-министрлер тұрғындармен жүздесіп, әлеуметтік инфрақұрылым, білім беру, кәсіпкерлік, цифрлық технологиялар мен су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелеріне тоқталды. Тұрғындар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді. Кездесулер ашық диалог форматында өтті.

ЖОЛДАУ БАСЫМДЫҚТАРЫ БАСТЫ НАЗАРДА



Ұлытау облысында Құрылтай депутаты Дархан Ахмедиевтің, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Аманжол Әлтайдың, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Эльдар Күзенбаевтың өңір тұрғындарымен кездесуі өтті.

Кездесу барысында Мемлекет басшысының 2026 жылғы 28 қазандағы «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген негізгі басымдықтар талқыланды. Қатысушылар цифрлық трансформация, жасанды интеллектіні дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту және адами капиталды дамыту мәселелеріне баса назар аударды.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢҒЫРАДЫ

Спикерлер Жолдау жүктеген міндеттерді өңірдің экономикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып іске асырудың маңыздылығына тоқталды.

– Мемлекет басшысының Жолдауы ел дамуының стратегиялық бағдарларын айқындап, экономиканы нығайтуға, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған. Осы бастамалардың өңірлік деңгейде жүйелі әрі нәтижелі жүзеге асырылуын қамтамасыз ету баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді Құрылтай депутаты Дархан Ахмедиев.

Өңірді дамытуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі – әлеуметтік инфрақұрылымды кешенді жаңғыртуды көздейтін «Халықтық құрылыс» бағдарламасы. Бағдарлама аясында облыста жаңа білім беру, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет нысандарын салу жоспарланып отыр. Бұл әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттырып қана қоймай, өңірде жаңа жұмыс орындарын ашуға да мүмкіндік береді.

Кездесу барысында тұрғындар әлеуметтік қолдау шаралары, медицина қызметкерлерінің еңбекақысы, педагогтердің әкімшілік жүктемесін азайту, сондай-ақ өңірдің экологиялық және технологиялық мәселелеріне қатысты сауалдарын ортаға салды. Су ресурстарын тиімді пайдалану және цифрлық инфрақұрылымды дамыту жолдары да талқыланды.

Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмалары мен Үкіметтің қолдауы аясында Ұлытау облысында 30-ға жуық ірі әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанды жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру бағытында да бірқатар жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, негізгі теміржол вокзалдарын жаңғырту жұмыстары аяқталып, Жезқазғанды Қызылорда, Арқалық және Қарағанды қалаларымен байланыстыратын стратегиялық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және жөндеу жұмысы жалғасып жатыр. Аталған жобалар көлік қатынасын жақсартуға, жүк және жолаушылар тасымалының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ өңірдің инвестициялық тартымдылығын күшейтуге бағытталған.

Бұдан бөлек, облыста денсаулық сақтау, білім беру және спорт инфрақұрылымын дамыту бойынша кешенді жұмыстар қолға алынған. Бұл жобалар бюджет қаражаты есебінен және Самұрық-Қазына АҚ, Qarmet АҚ, Қазақмыс корпорациясы мен Zhyly Zhurek қорының қолдауымен жүзеге асырылуда. Жоспарланған жұмыстар аясында өңірдің қалалары мен ауылдарында ауруханалар, емханалар, балабақшалар, инклюзивті және оңалту орталықтары, заманауи спорт кешендері мен Конгресс-орталығының құрылысы жүргізілуде.

Аталған бастамаларды іске асыру өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын жетілдіруге, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді.

Кездесу соңында спикерлер тұрғындардың сауалдарына жауап беріп, көтерілген мәселелер бойынша жан-жақты түсініктеме берді.

СУ ҚОРЫН САҚТАУ – ӨЗЕКТІ МІНДЕТ

Құрылтай депутаты Әбілхайыр Тамабек Жамбыл облысының тұрғындарымен кездесіп, Мемлекет басшысының Жолдауында белгіленген міндеттерді түсіндірді. Кездесуде өңірдің агроөнеркәсіп саласының өкілдері Жолдаудағы басым бағыттар мен жергілікті тұрғындарды толғандырған мәселелер бойынша өз ұсыныстарын жеткізді.

Жиынға Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Уәлихан Болатбек, Ауыл шаруашылығы, Энергетика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Су ресурстары және ирригация, Ұлттық экономика вице-министрлері де қатысты.

Агроөнеркәсіп кешенінің өкілдерімен өткен кездесуде ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыру, су ресурстарын тиімді пайдалану, өндірісті жаңғырту, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау және ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту мәселелері көтерілді.

Жамбыл облысы үшін агроөнеркәсіп кешені – экономиканың маңызды салаларының бірі. Сондықтан ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен қатар, оларды өңдеу, сақтау және нарыққа шығару жұмыстарын жетілдіру де өзекті.

Депутат Әбілхайыр Тамабек өңірдегі су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне арнайы тоқталды.

– Жамбыл облысы – жерасты суларын пайдалану көлемі бойынша республикадағы алдыңғы қатарлы өңірлердің бірі. Облыс аумағының үштен бір бөлігінде тұрғындар мен шаруашылық нысандары жерасты суын пайдаланады. Алайда бұл қор шексіз емес. Сондықтан су ресурстарын үнемді пайдалану және сақтау жолдарын қазірден бастап қарастыруымыз қажет. Мемлекет басшысы Жолдауында су ресурстарын есепке алу негізінде Ұлттық су ресурстарының ақпараттық жүйесін құру жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Бұл жүйе суды тиімді пайдалануға, сондай-ақ су құбырлары мен жеткізу желілеріндегі шығынды азайтуға мүмкіндік береді, – деді депутат.

Жиынға қатысушылар аграрлық саладағы өзгерістер шаруашылықтардың дамуына және ауыл тұрғындарының табысын арттыруға ықпал етуі керектігін атап өтті. Сонымен қатар өңірдегі ауыл шаруашылығын дамыту және саладағы мәселелерді шешу жолдарын қарастырды.

Бетті дайындаған Ә.МҰХАНБЕТ

ӘDILET

10 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Цифрлық инфрақұрылымды дамыту, жасанды интеллектіні енгізу, жаңа жұмыс орындарын ашу және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыру «Әділет» партиясының алаңында ұйымдастырылған «Президент Жолдауының цифрлық басымдықтары: міндеттер мен іске асыру жолдары» атты сараптамалық сессияның негізгі тақырыптарына айналды.



Талқылауға Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, «Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Қаныш Төлеушин, жауапты министрліктердің, IT-компаниялардың өкілдері мен сарапшылар қатысты. Жиында Екібастұзда деректерді өңдеу орталықтарының тұтас кешенін құру бастамасына баса назар аударылды. Жоба есептеу инфрақұрылымын дамытуды, халықаралық инвестиция тартуды және жоғары технологиялық жұмыс орындарын ашуды көздейді. Бұл болашақта Қазақстанға цифрлық қызметтер мен жасанды интеллект технологияларының экспортын кеңейтуге мүмкіндік береді.

– Жобаның бірінші кезеңіндегі құрылыс жұмыстары барысында 2 мыңнан астам уақытша жұмыс орнын ашу жоспарланған. Ал нысан толық іске қосылған соң 240-тан астам тұрақты жұмыс орны пайда болады. Қуаты 1 ГВт-қа жеткен жағдайда бұл көрсеткіштер 11 мыңнан астам уақытша және 1 500 тұрақты жұмыс орнынан асуы мүмкін. Қазақстандық инженерлер, бағдарламашылар мен жасанды интеллект саласының мамандары шетелге шықпай-ақ, NVIDIA Vera Rubin компаниясының соңғы буын чиптерімен қоса, әлемнің озық технологияларымен жұмыс істей алады. Бұл жоғары технологиялық жұмыс орындарын ашумен қатар, еліміздің инженерлік және ғылыми-технологиялық әлеуетін құруға жол ашады, – деді Жаслан Мәдиев.

«Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Қаныш Төлеушин цифрлық күн тәртібінің алты бағыты бойынша ұсыныстарын таныстырды. Онда халықты жұмыспен қамту және табысын арттыру, технологиялық даму, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі, инфрақұрылымды цифрландыру, кадр даярлау және азаматтардың цифрлық құқықтарын қорғау мәселелері қамтылған.

Қала мен ауыл арасындағы цифрлық алшақтықты азайтуға ерекше назар аударылған. Осы бағытта партия Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, ауылдық елді мекендерге заманауи цифрлық шешімдерді енгізуді көздейтін «Цифрлық ауыл» жобасын пысықтап жатыр.

– Облыс орталықтары мен ауылдағы тұрғындар үшін бірдей жағдай жасау маңызды. «Цифрлық ауыл» жобасы аясында ауылдық елді мекендерде іске асыруды жоспарлаған 20-ға жуық нақты жобаны айқындадық. Онда сапалы интернет байланысы, қолжетімді мемлекеттік қызметтер мен заманауи цифрлық сервистер қамтылған. Алайда біздің міндетіміз мұнымен шектелмейді. Халықтық цифрлық экономика әр азаматқа табыс табуға, өз ісін бастауға және өмір сапасын жақсартуға көмектесуі керек, – деді Қаныш Төлеушин.

Жиында мемлекеттік қызметтерді халыққа қолжетімді ету мәселесі де арнайы сөз болды. Қаралған ұсыныстардың қатарында әлеуметтік көмекті проактивті түрде көрсету, денсаулықтың электрондық паспортын енгізу және телемедицинаны дамыту бар. Сонымен қатар мемлекеттік органдарға азаматтардың бір мәселе бойынша қайта жүгінуін азайтып, қызмет алу үшін талап етілетін артық құжаттар санын қысқарту ұсынылды.

Қатысушылар қалалық инфрақұрылымды басқару, ауыл шаруашылығы және су ресурстарын пайдалану салаларында жасанды интеллектіні қолдану мүмкіндіктерін қарастырды. Атап айтқанда, инфрақұрылымның цифрлық егіздерін енгізу, Smart City жүйесін дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын цифрландыру және шығындардың ашықтығын арттыру мәселелері талқыланды.

Цифрлық экономикаға қажетті кадр даярлау да маңызды тақырыптың бірі. Атап айтқанда, партия Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, 2026 жылдың соңына дейін іске қосуды жоспарлаған AI Earners жобасы сөз болды. Жоба қазақстандықтарға жасанды интеллект құралдарын тегін үйреніп, солардың көмегімен ақылы тапсырмаларды орындауға қажетті тәжірибелік дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқыту нәтижесін қатысушылардың жұмысқа орналасуы мен табысының өсуі сияқты нақты көрсеткіштер арқылы бағалау ұсынылады. Жоба «Әділет» партиясының 2031 жылға дейінгі ұзақмерзімді стратегиясы аясында қарастырылған. Стратегия бойынша 5 миллион азаматқа жасанды интеллект негіздерін үйрету және 100 мың маман даярлау көзделген. Сараптамалық сессия қорытындысы бойынша қатысушылар мемлекеттік органдармен және сарапшылар қауымдастығымен бірлескен жұмысты жалғастыруды ұсынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған технологиялық серпінге қол жеткізу мәселесі білімді, дені сау әрі төл тамырын терең таныған қоғамның берік негізін қажет етеді. Президент айқындаған стратегиялық бағдар жастар, дәрігерлер және мәдениет саласы қызметкерлері үшін нақты мүмкіндіктерге қалай жол ашады? Астана және Өскемен қалаларында өткен «Әділет» партиясы өкілдерінің кездесулері осы тақырыптарға арналды.

ЖАСТАР ЗАМАНАУИ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫ ҚОЛДАЙДЫ



Елордадағы Ұлттық кітапхана алаңында Bir tolqynda форматында жастармен әңгімелесу барысында мамандықты саналы түрде таңдау, адал еңбектің қадіріне жету және цифрлық дәуірде табыс таба білу сынды нақты әрі өзекті мәселелер талқыланды. «Әділет» партиясы жастар қанаты төрағасының міндетін атқарушы Ержан Хамитов партия өкілдерімен бірге студенттермен әңгімелесіп, өмірде кездесетін нақты жағдайларға назар аударды.

– Жастар жасанды интеллектіні жай ғана пайдаланушылар емес, жаңа өнімдер мен шешімдер әзірлейтін жасампаздарға айналуы керек. Смартфон ұстаған уақытты әлеуметтік желілерді парақтап, көңіл көтеруге ғана емес, білім алуға, өз жобаларын іске асыруға және нақты табыс табуға да жұмсауға болады. Жуырда жастарға промпттарды сауатты жазуды және қарапайым смартфонның көмегімен сұранысқа ие өнім әзірлеуді үйретететін оқу жобасын іске қосамыз, – деді Ержан Хамитов.

Солай бола тұра, бүгінде жасанды интеллект пен цифрландыру еңбек нарығын ғана емес, консервативті сала саналып келген бағыттарды да өзгертіп жатыр. Заманауи технологиялардың тарихи жадыны сақтауға қалай көмектесетіні Өскемен қаласында Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығының ұжымымен өткен кездесуде сөз болды. «Әділет» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жанат Мекеева мен партия белсендісі Роза Мамырбаева музей қызметкерлерімен бірге қорды цифрландыру, экспозицияларды жаңарту және өңірлік музейлерді заманауи әрі мазмұнды қоғамдық кеңістіктерге айналдыру мәселелерін талқылады.

– Бүгінде музей шыны астында жәдігерлер сақталатын жай ғана орын болып қалмауы керек. Президент алға қойған цифрлық жаңғырту және адам капиталын дамыту міндеттері музейлерді ғылым, білім мен технология тоғысатын заманауи қоғамдық орталықтарға айналдыруды талап етеді. Тек жаңа форматтарды енгізіп, материалдық-техникалық базаны нығайту арқылы ғана жастардың туған өлке тарихына деген шынайы қызығушылығын оятып, ұрпақтар сабақтастығын сақтай аламыз, – дейді Жанат Мекеева.

Елорда жастарының IT-құзыретін дамыту және Шығыс Қазақстан музейлерін цифрлық тұрғыдан трансформациялау мәселелерін ортақ күн тәртібіне біріктіре отырып, партия өкілдері Жолдауда белгіленген міндеттердің біртұтас жүйе құрайтынын көрсетті. Түптеп келгенде, жаңа перинаталдық орталықтар салудан бастап, мектеп оқушыларын нейрожелімен жұмыс істеуге үйретуге дейінгі барлық шара бір ғана басты мақсатқа – қазақстандықтардың тұрмыс сапасын арттыруға және әрбір азаматтың әлеуетін өзі тұратын өңіріне қарамастан толық ашуға бағытталып отыр.

ҚАЗАҚСТАН РЕФОРМАЛАРЫ ICAPP-та ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Сеулде 36 елдің 83 саяси партиясының өкілдері халықаралық қауіпсіздік, мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту, демократиялық институттарды дамыту және жасанды интеллектіні реттеу мәселелерін талқылады. Азия саяси партиялары халықаралық конференциясының (ICAPP) XIII Бас ассамблеясына «Әділет» партиясының делегациясы да қатысты. Форум қорытындысында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған Сеул декларациясы қабылданды.



Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы ынтымақтастық мемлекетаралық деңгейде де, халықаралық саяси алаңдарда да дамып келеді. Биыл қыркүйекте өткен «Орталық Азия – Корея Республикасы» алғашқы саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Корея тарапының Орталық Азия елдерімен экономикалық байланыстарды кеңейту ниетіне жоғары баға берді.

Сеулде «Өзгеріп жатқан әлемде сенімді қайта қалыптастыру» тақырыбында Азия саяси партиялары халықаралық конференциясының (ICAPP) XIII Бас ассамблеясы өтті. Форумды Корея Республикасының «Миндзу» демократиялық партиясы мен «Халық күші» партиясы ұйымдастырды. Жиында геосаяси тұрақсыздық, заң үстемдігі, азаматтардың құқықтарын қорғау, климаттың өзгеруі және жаңа технологияларды жауапкершілікпен пайдалану мәселелері талқыланды.

Панельдік отырыста сөз сөйлеген «Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Нұрсұлтан Байтілесов Қазақстандағы конституциялық реформаларға тоқталып, азаматтардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен жауапкершілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударды.

– Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесі мен заңнаманы жаңарту жұмыстары жалғасуда. Бұл бағыттағы маңызды кезеңнің бірі – 2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда жаңа Конституцияның қабылдануы. Онда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде айқындалды, – деді Нұрсұлтан Байтілесов.

Сондай-ақ ол Қазақстанда қабылданған «Жасанды интеллект туралы» заңға тоқталды. Заңда жаңа технологияларды қолдану кезінде ашықтықты, жауапкершілікті, деректерді қорғауды және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары бекітілген. Нұрсұлтан Байтілесов «Әділет» партиясының бағдарламалық басымдықтарына да назар аударды.

– «Әділет» партиясы үшін заң үстемдігін нығайту, азаматтардың құқықтарын қорғау және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру басты басымдықтар болып қала береді. Біз үшін қабылданған шешімдердің саны емес, олардың іс жүзінде орындалуы мен қоғамға тигізетін нақты пайдасы маңызды. Біздің міндетіміз – азаматтардың талап-тілегіне құлақ асып, мәселелердің нақты шешімін табу және депутаттармен бірлесе отырып, олардың жүзеге асуына қол жеткізу. Қоғам мен мемлекет арасындағы сенімнің негізі де осында деп білеміз, – деді ол.

Бас ассамблеяда қатысушылар демократиялық институттарды дамыту, мемлекеттік басқарудың есептілігін арттыру, әйелдер мен жастардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуын кеңейту, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық теңсіздік пен кедейлікті азайту мәселелерін талқылады.

Халықаралық қауіпсіздік, мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, халықаралық құқық нормаларын сақтау және қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қатысушылар саяси және идеологиялық айырмашылықтарға қарамастан ынтымақтастық орнатудың маңызын атап өтіп, саяси партиялардың құрлықаралық диалогын (ICDPP) одан әрі дамытуды қолдады.

XIII Бас ассамблеяның қорытындысы бойынша 6 қарашада Сеул декларациясы бірауыздан қабылданды. Құжатта халықаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту, халықаралық құқық қағидаттарын сақтау, мемлекеттердің егемендігін қорғау және демократиялық институттарды дамыту жөніндегі ортақ ұстанымдар көрініс тапты.

Бетті дайындаған Бекбол АМАНГЕЛДІ

ӘЛЕУЕТ

10 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ТАЗАЛЫҚ САНАДАН БАСТАЛАДЫ

7 қарашада Қарағанды облысында «Бірлік – Таза Қазақстан үшін» дәстүрлі экологиялық акциясы басталды. Тұрғындар, волонтерлер мен қоғам белсенділері Молодежный елді мекені мен оған іргелес аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына атсалысты. Игі іс-шараға Қазақстан Халық Кеңесінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Иван Георгиади бастаған «Бірлік» қоғамдық тобының мүшелері, сондай-ақ республикалық этномәдени бірлестіктер мен қоғамдық ұйымдардың жетекшілері қатысты. Шамамен 2000 адам қолдау білдірген жоба аумақты абаттандыру мен көгалдандыруға бағытталды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңіндегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңыздылығына ерекше тоқталды. Президент «Таза Қазақстан» бастамасы бірреттік акция емес, әрбір азаматтың өмір салтына айналуға тиіс екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Бұл ретте әңгіме тек көшелердің тазалығы туралы ғана емес, айналамыздағы тәртіп пен тазалықтың бастауы саналатын ой тазалығы мен ішкі мәдениет туралы да болып отыр.

Сол күні елді мекеннің әртүрлі аумақтарына барлығы 500 түп ірі көлемді көшет отырғызылды. Сонымен қатар жаңа аллеялардың күтіміне ерекше назар аударылып, ағаштардың жергілікті климатқа бейімделіп, жақсы тамыр жаюы үшін алдағы уақытта да күтіп-баптау жұмыстары жүргізілетініне мән берілді.

Қазақстан Халық Кеңесі жанындағы «Бірлік» тобы этномәдени бірлестіктердің өкілдерін біріктіреді. Топ этносаралық келісімді нығайтумен қатар, жалпыұлттық маңызы бар міндеттерді жүзеге асыруға, қоғамдық бастамаларды қолдауға және өңірлерді дамытуға бағытталған жұмыстарға белсенді атсалысады. Молодежный кентінде өткен акция – түрлі этнос өкілдерінің ортақ мақсат жолында бірлесе әрекет етуінің жарқын көрінісі. Сонымен қатар бұл бастама Мемлекет басшысы ұстанымындағы «Бірлік – әралуандықта» қағидатын нақты іспен көрсетіп, оның мазмұнын жаңа серпінмен толықтырды.

«Бірлік» қоғамдық тобының төрағасы Иван Георгиадидің айтуынша, бұл – жалпыұлттық маңызы бар ауқымды акция. Оның атап өтуінше, Мемлекет басшысы өз үлгісімен әрбір азаматты ортақ іске атсалысуға шақырады. Себебі елімізді көркейтіп, жасыл желекке бөлеп, таза әрі әсем ету – баршамызға ортақ міндет. Бұл – өзіміз өмір сүріп жатқан, балаларымыз бен келешек ұрпаққа мұра болып қалатын ортақ Отанымыз. Сондай-ақ ол мұндай игі бастамалар жыл сайын жалғасын тауып, ел игілігіне бағытталған жақсы дәстүрге айналуға тиіс екеніне назар аударды.

Өз кезегінде Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Ақбаржон Исмаилов бүгінде бұл маңызды бастама еліміздің барлық өңірін қамтып отырғанын айтты. Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері де Халық Кеңесі жанынан құрылған «Бірлік» тобының қолдауымен ұйымдастырылған ауқымды акцияға белсенді түрде қатысуда. Оның айтуынша, мұндай бастамалар әрбір азаматтың өз еліне деген сүйіспеншілігі мен құрметін, сондай-ақ туған жердің тазалығы мен игілігіне деген жауапкершілігін айқын көрсетеді.

«Таза Қазақстан» бастамасы осы бірлікті нақты істер арқылы көрсетеді. Қазақстан Халық Кеңесі үшін мұндай акциялар – қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Бұл ретте этномәдени бірлестіктер еліміз үшін ортақ маңызды істерге өз үлестерін қосып келеді. Сонымен қатар тұрғындардың бірлескен жұмысы Мемлекет басшысының тапсырмаларының сапалы әрі уақытылы орындалуына қатысты қоғамдық бақылауды күшейтуге де ықпал ететіні атап өтілді.

Акцияны ұйымдастыруға «Бірлік» қоғамдық тобының төрағасы Иван Георгиади басқаратын «Евразия Инвест LTD» ЖШС қолдау көрсетті. Компания өкілдері алдағы уақытта да осындай экологиялық бастамаларды көшетпен қамтамасыз етуге дайын екендіктерін жеткізді. Жұмыс сапары барысында Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетімен де танысты. Атап айтқанда, сүт-тауар фермасы мен кәсіпорынның көшет шаруашылығында болып, ондағы жұмыстардың барысымен танысты.

Акция қорытындысы бойынша «Бірлік» тобының мүшелері оны жылына екі рет өткізіп, игі дәстүрге айналдыруды, сондай-ақ осы тәжірибені еліміздің басқа өңірлеріне де таратып, мұндай бастамаларға жергілікті этномәдени бірлестіктерді белсенді тартуды ұсынды. Қатысушылар барша қазақстандықтарды қоршаған ортаның тазалығы мен тәртібін тұрақты сақтауға шақырып, табиғатқа жанашырлықпен қарау күнделікті өмір салтымыздың ажырамас бөлігіне айналуы керегін атап өтті.

Айна ХАСАН

МЕДИЦИНА МӘСЕЛЕЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айқындалған міндеттерді түсіндіру мақсатында «Әділет» партиясы Қызылорда облыстық филиалы жанындағы ақпараттық топ мүшелері көпсалалы қалалық аурухана ұжымымен кездесті.



Басқосуға ақпараттық топ мүшелері Руслан Рүстемұлы, Гүлшат Мұсаева, Жалғасбек Үсенов және Нұридин Амитов қатысып, денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қатысты Жолдауда белгіленген басымдықтарды таныстырды. Кездесу барысында медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, алғашқы медициналық-санитариялық көмекті жетілдіру, медицина қызметкерлерін қолдау және саланы цифрландыру мәселелері талқыланды.

Жиында сөз алған Руслан Рүстемұлы денсаулық сақтау саласын дамыту тек медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын жаңартумен шектелмейтінін атап өтті. Оның айтуынша, ең бастысы – әрбір азаматтың сапалы медициналық көмекке уақытылы қол жеткізуіне жағдай жасау.

– Мемлекет басшысы Жолдауында денсаулық сақтау саласын дамытуға қатысты нақты міндеттер жүктеді. Соның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмектің әлеуетін арттыруға ерекше мән берілген. 2027 жылдан бастап осы сала мамандарының еңбекақысын еңбек өтіліне қарай 40 пайызға дейін көтеру көзделіп отыр, – деді Руслан Рүстемұлы.

Ал Гүлшат Мұсаева халық денсаулығын сақтауда аурудың алдын алу, ерте диагностика жүргізу және медициналық сауаттылықты арттырудың маңыздылығына тоқталды.

– Денсаулықты сақтау ауру асқынған кезде емдеуден емес, оның алдын алудан басталады. Сондықтан профилактикалық тексерулердің қолжетімді болуы, тұрғындардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауы және ауруларды ерте кезеңде анықтау маңызды. Әсіресе ана мен бала денсаулығы, балаларға көрсетілетін медициналық көмек пен оңалту қызметтерінің сапасы үнемі назарда болуы керек. Жолдауда да осы бағыттағы инфрақұрылымды дамытуға басымдық берілген, – деді Гүлшат Мұсаева.

Өз кезегінде Жалғасбек Үсенов денсаулық сақтау саласына заманауи технологияларды енгізу мен цифрлық шешімдерді кеңінен қолданудың маңызын атап өтті.

– Бүгінде цифрландыру медицина саласының жұмысын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Электронды медициналық деректер, ақпараттық жүйелердің өзара ықпалдастығы дәрігердің уақытын үнемдеп қана қоймай, пациентке көрсетілетін қызметтің сапасы мен тиімділігін арттырады. Сонымен қатар цифрлық технологиялар медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтіп, шалғай елді мекендердегі тұрғындарға да қажетті қызметтерді ұсынуға жол ашады. Ең бастысы, технология адамға қызмет етуі керек. Сондықтан оны енгізу барысында дәрігердің де, пациенттің де мүддесі ескерілуі қажет, – дейді ол.

Кездесу соңында аурухана ұжымы өкілдерімен пікір алмасып, денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелер мен алдағы міндеттер төңірегінде ой бөлісті.



ЖЫЛУ ҚУАТЫ ҰЛҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Астанада биылғы жылыту маусымы 2 қазанда басталды. Жылыту маусымының уақытылы басталып, қолайлы жағдайда өтуі жылу көздерінің қуатына ғана емес, инженерлік желілердің жай-күйіне, жөндеу жұмыстарының сапасы мен коммуналдық қызметтердің жедел әрекетіне де байланысты. Әсіресе қыс қаһарына мінгенде жылу жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі, апаттық жағдайлардың алдын алу және тұрғындардың шағымына жедел әрекет ету мәселесі өзекті бола түседі.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Қазіргі уақытта елорданың әлеуметтік нысандары мен көппәтерлі тұрғын үйлері орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған. Қаланы қажетті жылумен 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, «Тұран» ГЖС және «Оңтүстік-Шығыс» ГЖС қамтамасыз етеді. Ауа райының құбылуына қарай жылу өндіру көлемі де өзгеріп отырады. Күн жылы кезде стансалар толық қуатында жұмыс істемей, қалаға қажетті мөлшерде ғана жылу береді. Ал күн суытып, аяз күшейгенде жылу өндіру қуаты артады. Сонымен қатар елорданы жылумен сенімді әрі үздіксіз қамтамасыз ету мәселесі қала әкімдігінің тұрақты бақылауында. Жауапты ұйымдар жылумен жабдықтау нысандарының жұмысына жүйелі мониторинг жүргізіп, жылыту маусымы кезінде туындауы мүмкін мәселелерге жедел әрекет етеді.

Қалалық Энергетика басқармасының хабарлауынша, аталған энергия көздерінің тозу деңгейі 1-ЖЭО – 35%, 2-ЖЭО – 53,1%, 3-ЖЭО – 6,7%, көрсеткіш бойынша барлығы «жасыл» аймақта орналасқан және «Тұран» мен «Оңтүстік-Шығыс» ГЖС-тарында тозу көрсеткіштері жоқ, олар жаңадан салынған.

– Жылумен жабдықтау желілерінің ұзындығы – 1 083,6 шақырым, орташа тозу деңгейі – 52,9%. Тұрғын үй қорының 3 604 нысанының барлығы 100% жылыту маусымына дайын. Білім беру саласындағы 210 нысанның барлығы 100%, денсаулық сақтау саласындағы 36 нысанның барлығы 100% жылыту маусымына дайын. Қоймада жылыту маусымына қажетті негізгі және резервтік отын қоры алдын ала жинақталған. Көмір стансаға қыс бойы үздіксіз жеткізіліп отырады. Қала бойынша қыс мезгіліндегі көмірге деген қажеттілік 300 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі күні қоймаға 167,2 мың тонна (55,73%) көмір жеткізілді, бұл жеткізу кестесіне сәйкес келеді, – деді Энергетика басқармасының Жылумен қамту бөлімінің бас маманы Олжас Асқаров.



Жылумен жабдықтау желілерінің ұзындығы – 1 083,6 шақырым, орташа тозу деңгейі – 52,9%. Тұрғын үй қорының 3 604 нысанының барлығы 100% жылыту маусымына дайын.

Қала өскен сайын жылу қуаты да ұлғайып келеді. Халық санының көбеюі мен қаланың қарқынды кеңеюі жылу қуатын одан әрі арттыруды талап етеді. Осыған байланысты қажетті жылу қуатының резерві қалыптастырылып, қолданыстағы жылумен жабдықтау нысандарын қысқа әзірлеу жұмыстары аяқталғанымен, жылу көздерін жаңғырту және жаңа нысандар салу жобалары жалғаса береді.

Биыл «Астана-Теплотранзит» АҚ-ның 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында жылу желілерінің беріктігі мен герметикалығын тексеру бойынша жыл сайынғы гидравликалық сынақтар (опрессовка) толық аяқталған. Олжас Асқаровтың айтуынша, 2026 жылғы 4 мамыр мен 8 қыркүйек аралығында жылыту маусымына дайындықты тексеру мақсатында 57 жылу магистралі мен тарату құбыржолында жоспарлы сынақтар жүргізілді. 14 сорғы стансасы мен 2 жылу тарату пунктін (ЖТП) дайындау жұмыстары толық көлемде аяқталды. Жұмыстар 2026 жылғы 13 сәуір мен 1 қыркүйек аралығында жүргізілді.

– Энергия көздерінде жұмыстар бекітілген кестелерге сәйкес орындалды. ЖЭО-1 және ЖЭО-2 алдағы жылыту маусымына толық дайын. Энергия көздерінің дайындық деңгейі 100%-ды құрайды. ЖЭО-1-де 8 қазандық пен 3 турбинаның ағымдағы жөндеуі, 1 қазандық пен қосалқы жабдықтың кеңейтілген ағымдағы жөндеуі, сондай-ақ 1 қазандықтың күрделі жөндеуі орындалды. ЖЭО-2-де 10 қазандық пен 5 турбоагрегаттың ағымдағы жөндеуі, 4 қазандық пен 1 турбогенератордың күрделі жөндеуі орындалды.

Жалпы ұзындығы 2 245,5 метрді құрайтын жылу желілерінің учаскелеріне ағымдағы жөндеу және оларды ауыстыру жұмыстары 22 нысанда орындалды, бұл жоспарланған көлемнің 100%-ын құрайды, – деді ол.

Әсіресе қыс мезгілінде электр желілеріне түсетін жүктеме артып, олардың тұрақты жұмыс істеуі коммуналдық инфрақұрылымның сенімділігін айқындайтын маңызды факторға айналады. Бұл мақсатты инвестициялық бағдарлама аясында жалпы ұзындығы 6 787 метрді құрайтын жылу желілерінің 15 нысанында қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Маманның сөзінше, биылғы жылыту маусымына дайындық жұмыстары аясында «Астана-АЭК» АҚ электр желілерінің сенімді әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жөндеу іс-шараларын толық аяқтаған.

– Атап айтқанда, 67,4 шақырым электр желісі мен 68 тарату және трансформаторлық қосалқы стансада күрделі жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстары 100%-ға орындалды, – деді маман.

Жылыту маусымының басталуымен қалада алдын алу шараларын күшейту және тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіріп, тұрғын үйлерді улы газдан қорғайтын датчиктермен қамтамасыз ету жұмыстары да қатар жүргізіледі. Мамандар құрылғылардың жұмысын жүйелі түрде тексеріп, батареяларының жарамдылығын бақылайды және оларды қажет болған жағдайда ауыстыру керектігін ескертеді.

Мамандардың айтуынша, жарамды газ датчиктері мен түтін хабарлағыштары тұрғындардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

ПОЛИЦИЯ ФОРМАСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ: ЗОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ НӘЗІК КҮШ



Елімізде дағдарыс орталықтарына жиі жүгінетін әйелдердің саны артқан. Мәселен, биыл тоғыз айда 90 мыңнан астам отбасылық жанжал шығарушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,4%-ға көп. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында дағдарыс орталықтарына балалары бар 4,5 мың әйел орналастырылған. Бұл – «барар жер, басар тауы жоқ», шарасыздыққа шырмалған әйел мен баланың соңғы үміті. Біз ІІМ Әкімшілік полиция комитеті Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ақмарал Серікбаевамен еліміздің тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес саясаты және әйелдер мен балаларды қорғау бағытында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар туралы әңгімелестік.

– Елімізде кейінгі жылдары дағдарыс орталығына жүгінетін әйелдер санының артқаны байқалады. Әйел үшін жылылық пен тыныштықтың мекені отбасы, қасиетті қара шаңырағы емес пе еді? Жанына сая іздеген ана мен балаға өз үйі пана болмай, үрей құшағына айналуының себебі не?

– Елімізде әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау бағытында заң қабылданды, заңнама қатаңдатылды. Жауапкершілік күшейтілді, алдын алу тетіктері кеңейтілді. Алайда қайғылы жағдайлар әлі де азаймай отыр. Зорлық-зомбылық – бір отбасының ғана қасіреті емес, тұтас қоғамның дерті.

Сондықтан Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде ішкі істер органдары көптеген жұмыс атқарды. Әсіресе бұл бағытта әйелдер полиция бөлімшелерінің жұмысын атап айтсақ болады. Солардың қатарында 2023 жылы Қарағандыда жергілікті атқарушы органның қолдауымен облыстық полиция департаменті жанынан құрылған Отбасыларға көмек көрсетудің бірыңғай орталығы бар. Қарағанды тәжірибесінің маңызды ерекшелігі – полицияның және басқа да мамандардың бірлесіп жұмыс істеуі арқылы отбасыларға бірыңғай көмек көрсету. Мұндай орталық 2025 жылы қыркүйекте Қызылорда облысында да ашылды. Бұл орталықтар жергілікті атқарушы органның қолдауымен облыстық полиция департаменті жанынан құрылып, отбасыларға құқықтық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған. Оның жұмысына полиция қызметкерлерімен қатар медиаторлар, жеке сот орындаушылары, пробация қызметінің өкілдері, әлеуметтік сала мамандары, үкіметтік емес ұйымдар және басқа да мамандар тартылған.

Сонымен қатар 2025 жылғы қаңтарда ІІМ құрылымында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерінің базасында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелер құрылды. Аталған бөлімшелердің жеке құрамында әйелдердің үлесі шамамен 80%-ды құрайды. Осы бағыттағы жұмысты күшейту үшін жергілікті бюджеттер есебінен қосымша 728 штаттық бірлік қарастырылды. Бұл штаттар бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан 256 штаттық бірлігі бар Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшелерінің базасында мамандандырылған жұмысты ұйымдастыруға бағытталды. Сондай-ақ мұнда зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласында маманданған әйел қызметкерлердің әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл екі бағыт бірін-бірі толықтырады. Мамандандырылған полиция бөлімшелерінің қызметі ІІМ жүйесінде жүзеге асырылса, орталықтарды дамыту өңірлік қажеттілікке және жергілікті органдардың мүмкіндіктеріне байланысты. Осы тәжірибелердің тиімділігін бағалау олардың одан әрі дамуы жөніндегі шешімдерге негіз болады.

– Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған бөлімшелерге қызметкерді іріктеу қандай талаптар бойынша жүргізіледі?

– Зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамның сенімі ең алдымен полиция қызметкерінің кәсібилігіне, әдебіне, құпиялылықты сақтауына және жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете білуіне байланысты. Сонымен бірге кейбір әйелдер үшін өз басынан өткен жағдайды әйел қызметкерге айту психологиялық тұрғыдан жеңілірек болуы мүмкін. Сондықтан мамандандырылған бөлімшелерді құру кезінде әйел қызметкерлерді барынша тарту міндеті қойылды. Бірақ қызметкерлердің жынысын кәсібиліктен жоғары қоюға болмайды. Негізгі талап – әрбір азаматқа құрметпен қарап, заң аясында сапалы көмек көрсету.

Нақты айтар болсақ, қызметкерлерді іріктеу полиция қызметіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес жүргізіледі, ал мамандандырылған бағытта кәсіби даярлыққа, азаматтармен тиімді қарым-қатынас жасауға, тәуекелдерді бағалауға және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу дағдыларына ерекше мән беріледі. Мұндай жұмыста құқықтық біліммен қатар, жанжал жағдайында дұрыс әрекет ету, жәбірленушінің қауіпсіздігін ескеру және басқа мемлекеттік органдармен үйлесімді жұмыс істеу қабілеті маңызды.

– Басқа да өңірлерде отбасыларға көмек көрсетудің Қарағанды мен Қызылорда облыстарының тәжірибесі негізінде бірыңғай орталық құру қажеттілігі жоқ па? Жалпы, аталған орталықтарда атқарылып жатқан жұмыстың нәтижесі қандай?

– Еліміздің барлық өңірлерінде барлық маман бір ғимаратта орналасқан бірыңғай жүйені толық енгізудің өз тәртібі бар. Ол өңірлердегі қажеттілікке қарай реттеледі.

ІІМ-нің мамандандырылған бөлімшелері өз құзыреті шеңберінде құқықбұзушылықтардың алдын алу, өтініштерге ден қою, қауіп-қатерді бағалау және жәбірленушілердің құқықтарын қорғау жұмыстарын жүргізеді. Негізгі мақсат – жәбірленушінің әртүрлі мекемелерге қайта-қайта жүгіну қажеттілігін азайтып, оған қажетті көмекті уақытылы ұйымдастыру. Ал Қарағанды мен Қызылордадағы отбасыларға көмек көрсету орталықтары – бірнеше қызметтің өзара іс-қимылына негізделген кешенді көмек көрсету алаңдары. Бұл орталықтарға жүгінген азаматтар бір уақытта құқықтық, психологиялық, әлеуметтік және басқа да көмек түрлерін ала алады. Бұл ретте полицияға түскен өтініштер мен тіркелген құқықбұзушылықтар, сондай-ақ сотқа жолданған істер бөлек есептеледі.

Мәселен, жыл басынан бері Қарағандыдағы отбасына бірыңғай көмек көрсету орталығында шамамен 1 884 адамға көмек көрсетілді. Оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша 82 өтініш қабылданып, тіркелді, 126 адамға психологиялық, 132 адамға құқықтық көмек көрсетілді, 63 азамат медиаторға жүгінді. Қорғаншылық және инклюзия мәселелері бойынша 8 мәселе шешіліп, қиын өмірлік жағдайға тап болған 9 адам, оның ішінде 2 бала анықталды. Дағдарыс орталықтарына 54 әйел мен 69 бала орналастырылып, 28 адам жұмысқа орналастырылды.

Сондай-ақ сот орындаушыларына 1 311 азамат жүгініп, олардың өтініштері бойынша 263 млн теңге алимент өндірілді. Отбасылардың татуласып, қайта қосылуына байланысты 19 атқарушылық құжат өндіріп алушыларға қайтарылып, 9 отбасы медиациялық келісімге келді. Бұдан бөлек, 150-ден астам қоғамдық іс-шара, соның ішінде акциялар, семинарлар, тренингтер, дәрістер мен мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізілді.

– Жалпы тәжірибеде әйелдердің полицияға түсірген арызынан бас тартатын жағдайлар жиі кездесе ме? Мұндай жағдайда заң әйелдің қауіпсіздігін қалай қорғайды?

– Жәбірленушінің бастапқы өтінішінен бас тартуына немесе құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықтан бас тартуына әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Олардың қатарында агрессордың қысым көрсетуі, кек алуынан қорқу, материалдық тәуелділік, туыстардың азғыруы, балалардың жағдайына алаңдау, тұрғын үй мәселелері және отбасылық жағдайдың өзгеретініне үміттену бар. Сондықтан мұндай жағдайларда жәбірленушіні кінәлау емес, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қажетті қолдау көрсету маңызды.

Өтінішті қайтарып алу немесе татуласуға ниет білдіру құқықтық процесті тоқтатпайды. Бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларында жәбірленушінің арызына тәуелділік құқық бұзушылықтарды анықтау мен оларға ден қоюда белгілі бір кедергілер туғызатын. Осыған байланысты 2023 жылғы 1 шілдеден бастап заңнамаға енгізілген өзгерістермен тұрмыстық құқық бұзушылықтарға ден қоюдың арыздану сипатынан анықтау сипатына көшу қамтамасыз етілді.

Қазір жәбірленушінің арызының болмауы немесе оның кейіннен арызынан бас тартуы құқықбұзушылық бойынша тиісті шаралар қабылдауға өздігінен кедергі келтірмейді. Құқықбұзушылық белгілері анықталған жағдайда әкімшілік іс қозғалып, материалдар соттың қарауына жолданады. Соңғы құқықтық бағаны сот береді.

Сонымен қатар құқықбұзушылық туралы ақпарат тек жәбірленушінің өзінен ғана түспеуі мүмкін. Оны куәгерлердің, үшінші тұлғалардың хабарламалары, бейнебақылау камераларының жазбалары және өзге де ақпарат көздері арқылы анықтауға болады. Мұндай мәліметтер заңнамада көзделген тәртіппен тексеріліп, тиісті шаралар қабылдауға негіз бола алады.

Сондай-ақ заңнамалық өзгерістер татуласу мүмкіндігіне де шектеу қойды. Қазіргі тәртіп бойынша тараптардың татуласуына тек сотта және бір рет қана жол беріледі. Осылайша, негізгі қағидат – тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ден қою жәбірленушінің арыз беруіне немесе оны қайтарып алуына ғана тәуелді емес. Полицияның міндеті – құқықбұзушылықты анықтау, заңда көзделген шараларды қабылдау және оның қайталануына жол бермеу.

– Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жасырын жағдайларын анықтау үшін полиция қандай жаңа тәсілдер қолданып жатыр?

– ІІМ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда тек түскен өтініштерге ден қоюмен шектелмей, қауіп-қатерді ерте анықтау және қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу тәсілдерін қолданады. 2025 жылдан бастап мамандандырылған бөлімшелерінің қызметін күшейту осы жұмысты жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Қызметкерлер отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқықбұзушылықтарды талдайды, тәуекел деңгейін бағалайды, профилактикалық жұмысты жүргізеді және бұрын зорлық-зомбылық фактілері тіркелген отбасылардағы жағдайды бақылауға қатысады. Сонымен қатар азаматтардың полицияға жүгіну мүмкіндіктерін кеңейту, халықпен кері байланыс орнату, дағдарыс орталықтарымен және басқа ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау маңызды. Мақсат – зорлық-зомбылықтың ауыр салдарға әкелуіне жол бермей, алдын алу, қауіптің алғашқы белгілерінде тиісті шаралар қабылдау.

– Жәбірленушілердің полицияға қайта-қайта шағымдануына тура келмейтіндей «бір терезе» қағидатын қалыптастыру жұмыстары қалай жүзеге асырылып жатыр?

– Қазіргі тәжірибеде жәбірленушіге кешенді көмек көрсету үшін бірнеше қызметтің өзара іс-қимылы ұйымдастырылып келеді. Қарағанды мен Қызылордадағы отбасыларға көмек көрсету орталықтары осы тәсілдің нақты мысалы. Дегенмен 2024 жылдан бастап елімізде Отбасын қолдау орталықтарының қызметі заңнамалық тұрғыдан бекітіліп, оларды жергілікті атқарушы органдар құру тәжірибесі енгізілді.

Бүгінгі күні республикада 161 Отбасын қолдау орталығы жұмыс істейді. Олардың негізгі мақсаты – қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға кешенді көмек көрсету, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасылардың әлеуметтік әл-ауқатын нығайту. Орталықтар «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеп, азаматтарға әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмекті үйлестірілген түрде алуға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда отбасылар тиісті мемлекеттік органдарға және арнаулы әлеуметтік қызметтерге бағытталады. Бұл тәсіл мәселені тек салдарымен күресу арқылы емес, оның туындау себептерін ерте анықтап, отбасыға уақытылы қолдау көрсету арқылы шешуге мүмкіндік береді. Отбасын қолдау орталықтары мен полицияның мамандандырылған бөлімшелерінің өзара іс-қимылы отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, тәуекелдерді ерте анықтауға және зардап шеккен адамдарды қажетті көмекпен қамтуға ықпал етеді.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

СЕРПІН

ЦИФРЛЫҚ СЫҢАР – УРБАНИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Қаладағы жол кептелісі, тұрғын үйдегі шектен тыс су шығыны, коммуналдық желідегі немесе энергетика нысанындағы ақау қаупін проблема туындамай тұрып анықтауға бола ма? Бұл фантастика емес, цифрлық технологиялар мұның қазірден мүмкін екенін көрсетіп отыр. Президенттің биылғы Жолдауда ірі қалалардың цифрлық сыңарын жасауды тапсыруы – урбанистикалық дамудың жаңа кезеңіне бастайтын маңызды қадам. Бұл технология қалаларымызды қаншалықты қауіпсіз әрі жайлы ете алады?



Айхан ШӘРІП

Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ірі қалаларымыздың инфрақұрылымының цифрлық сыңарын жедел түрде жасау міндетін қойды. Ол «қалалардың қауіпсіз, жайлы, көрікті болуын» басымдық ретінде белгіледі және аса маңызды мемлекеттік міндет деп бағалады.

– Экономика, білім мен технологияның тірегі де, таланттарды шыңдайтын да негізгі қалалар екенін атап өткен жөн. Сайып келгенде, қуатты қалалар қуатты аймақтардың, ал қуатты аймақтар күшті мемлекеттің негізін қалайды. Қала ресурсын тиімді басқару үшін Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, қала инфрақұрылымының цифрлық сыңарын көп ұзамай әзірлеуге тиіс! – деді Президент Қ.Тоқаев.

Қала қарқынды дамитын болса, сол өңірдің экономикасы да өркендейді, адами әлеуеті де артады. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, бұл міндет Жолдауды жүзеге асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына енгізілді. Оны 2027 жылы толық жүзеге асыру қарастырылған екен.

– Енді ірі қалаларды ұзақмерзімді дамыту қалалық ортаны жаңартудың жүйелі негізіне айналады. Тиісінше, алдымен мегаполистердің, ізінше әрбір облыс орталығының цифрлық сыңары жасалады. Жалпыұлттық жоспар аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, тұрғын үй құрылысын жандандыру, елді мекендерді ауызсумен және газбен қамту да қарастырылған, – деді С.Жұманғарин.

Ал Премьер-министрдің орынбасары – ЖИ және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің түсіндіруінше, бұған дейін Астанада енгізілген шешімдер негізінде ірі қалалардың цифрлық сыңары қазірден-ақ жасалып жатыр. Елордада цифрлық сыңардың келесі компоненттері енгізілген: біріншіден, жолдар мен инфрақұрылымның цифрлық картасы жасалды. Екіншіден, бас қаланың барлық көшесі мен ауданында интеллектуалды бейнебақылау енгізіліпті. Үшіншіден, коммуналдық желілердің жай-күйіне цифрлық негізде мониторинг жүзеге асырылмақ. Төртіншіден, көлік ағындары ЖИ арқылы басқарылады. Бесіншіден, Астана өмірінің әр саласына қатысты жиналатын ұшан-теңіз үлкен деректер (Big Data) ЖИ арқылы талданады.

– Осы шешімдер басқа қалаларға таратылады. Бұл жұмысқа алғашқының бірі болып Алматы қосылды. Шымкентте және өзге облыс орталықтарында жұмыс жүргізіліп жатыр. Қаланың цифрлық сыңары елді мекенге және тұрғындарға төнетін түрлі апат қаупін алдын ала анықтауға, көлік ағындарын оңтайландыруға да мүмкіндік береді. Сондай-ақ қауіпсіздік пен қалалық коммуналдық қызметтердің тиімділігін арттыруға көмектеседі, – деді ЖИ министрі Ж.Мәдиев.

Бұл жобаның шапағаты әртүрлі салаға таралуға тиіс. Бұл туралы Энергетика министрі Ерлан Аққенженов айтып берді. Мысалы, цифрлық сыңар аясында ірі қалалардың айналасындағы әрбір кен орнын, ресурстарын есепке алуға, игерілуін қадағалауға болады. Мұның сыртында ірі қалалардың жылуэлектр орталықтары да бақылауға алынбақ. Отын-энергетика кешенін цифрландыруға Энергетика министрлігі жауапты. Энергетика саласын цифрландырудың негізгі мақсаты – жабдықтардың жай-күйін онлайн режимде тексеру және түрлі шығынды азайту. Бұл тұтынушыларды электр энергиясымен, жылумен және отынмен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұл ведомство 3 негізгі бағыт бойынша 20 іс-шараны жүзеге асыру үстінде. Бұлар: цифрлық сыңарлар, жасанды интеллект және киберфизикалық қауіпсіздік. Іс-шараларды 2029 жылға дейін кезең-кезеңімен іске асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде энергетика нысандарындағы апатты 25%-ға, энергетикалық ресурстар шығынын 90%-ға дейін қысқарту көзделіп отыр. Министрліктің бағалауынша, ЖИ шешімдерін енгізудің экономикалық тиімділігі жылына шамамен 23 млрд теңгені құрайды. Басты мақсат – тәуекелдерді алдын ала болжау арқылы саланы проактивті басқаруға көшу. Әйтпесе, ескі тәжірибе мысалы, ЖЭО-дағы апаттардың салдарын жоюға бағдарланатын.

– Цифрлық сыңар – әрбір өндірістік нысанның ахуалын көрсететін виртуалды модель. Ол жабдықтардың жұмысын бағалауға және қабылданатын шешімнің ықтимал нәтижелерін алдын ала болжауға да мүмкіндік береді. Энергетика секторында Астана әкімдігімен бірлесіп, елорданың энергетикалық кешенінің цифрлық сыңарын әзірлеудеміз. Осы арқылы отын 2,5%-дан астамға үнемделуге тиіс. Біздің міндетіміз – пилоттық жобалардың деректеріне сүйеніп, цифрлық сыңарлардың нысаналы архитектурасын бекіту, – деді Е.Аққенженов.

Газ саласында ЖИ көгілдір отынды тұтыну көлемін болжау үшін қолданылады. Болжам дәлдігі 86%-ға дейін жетеді, ал жылдық экономикалық тиімділігі 300 млн теңгедей екен. Энергетика саласында ЖИ өндірістік қауіпсіздікті арттыруға бағытталған. Өндірістегі жазатайым оқиғалар, апаттар санын 78%-ға дейін төмендету күтіледі. Жылдық экономикалық тиімділігі 370 млн теңгені құрамақ.

Жеке бағыт – жабдықтардың жай-күйін онлайн режимде тексеру. Негізгі жабдықтары осылай бақыланатын нысандардың үлесін 2026 жылғы 20%-дан 2028 жылы 70%-ға дейін арттыру жоспарланған. Ол үшін электр энергиясын өндіру және беру нысандарының цифрлық сыңарларын енгізу, негізгі жабдықтарды датчиктермен жарақтандыру ұсынылды.

– Бұл ақауларды алдын ала анықтап, жөндеу жұмыстарын уақытылы жоспарлауға жол ашады. Соның нәтижесінде апаттылық деңгейін 25%-ға төмендету көзделген. Сонда тұтынушылар үшін электр және жылу энергиясымен жабдықтау сенімділігі артады, – деді министр.

Қазақстандық frontend-әзірлеуші, IT маманы Қуаныш Әбдірамановтың пікірінше, Президент айтқан цифрлық сыңарлар немесе Digital Twin қалаларды басқару тәсілін түбегейлі өзгертеді. Бұрынғы тәсіл бойынша әр әкім апта, тіпті күн сайын «планерка» өткізіп, әр салаға жауапты орынбасарлары мен бөлім-департамент басшыларын жинап, қала тіршілігінің ағымдағы ахуалы туралы баяндамасын тыңдайды. Қаланың сыңары болса, мұндай жиынның қажеттілігі қалмауға тиіс.

– Цифрлық сыңар дегеніміз – өмірде бар нақты нысанның немесе тұтас жүйенің цифрлық көшірмесі. Ол шынайы әлемнен үздіксіз дерек алып, нысанның қазіргі жағдайын цифрлық ортада көрсетеді. Digital Twin тек өзекті мәліметтермен жұмыс істейді. Мысалы, ғимараттың цифрлық сыңары арқылы оның ішіндегі температураны, қанша энергия тұтынатынын және жабдықтарының жағдайын бақылауға болады. Бұл технологияның ең бір қызықты бағыты – «Ақылды қала». Қаладағы камералардан, қоғамдық көліктегі датчиктерден, тіпті метеостансалар мен коммуналдық қызметтер жүйесінен ағылатын мәліметтер қаланың бірыңғай цифрлық моделіне біріктіріледі, – деді сарапшы.

Бұл қазіргі жай-күйді талдап, ықтимал өзгерістерді модельдеуге, соның негізінде тиімді шешім қабылдауға көмектеседі. Қ.Әбдірамановтың цифрлық сыңарлар көлік қозғалысын басқару, энергетика, өнеркәсіп, қоршаған ортаны бақылау, қаланы жоспарлау салаларында зерттеліп, қолданысқа енгізіле бастағанына назар аударды. Оның тұжырымдауынша, Digital Twin-ді IoT (заттар интернетімен) және AI технологияларымен өзара байланыстырудың болашағы зор. Мұндай жүйе мәселені туындаған соң шешуге емес, оның алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан үшін Digital Twin технологиясының басты құндылығы – нақты нысанды жай бақылаумен шектелмейтінінде: онда ЖИ арқылы қаладағы әр нысанның күйін күн сайын, тұрақты зерттеп, болашақта қаланың әр бөлігінде, кәсіпорнында, тұрғын алабында қандай өзгерістер болатынын модельдеуге болады. Ең маңыздысы, ұсынылған шешімдерді шынайы өмірде жүзеге асырмай тұрып, алдымен цифрлық ортада сынақтан өткізуге мүмкіндік беріледі. Бұл мүмкіндікті Қазақстан қаншалықты тиімді пайдалана алады, мұны енді уақыт пен тәжірибе көрсетпек.

ӘЛЕУМЕТ

10 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ДАЛА ТӨСІНДЕГІ ТӘТТІ НЕСІБЕ

Жамбыл облысында кейінгі жылдары қызылша шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Шаруалар гектарына рекордты өнім алып, талайды таңғалдыруда. Алайда жылда тәтті түбір көлемі өсіп жатқанымен, оны өткеруде қиындықтар туып, шаруалардың да, шенділердің де шақшадай басы шарадай болады. Енді биылғы меже қандай болмақ? Несібесін қара жерден тапқан диқандар өнімін қайда апарарын білмей тағы шекара асып кетіп жүрмей ме?



Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, қазір қызылша жинау науқаны қарқын алыпты.

– Биыл облыстағы 202 шаруашылық 9,9 мың гектар жерге қант қызылшасын отырғызды. Бүгінгі күні Меркі және Шу аудандарындағы 13 диқан тәтті түбір жинауды бастады. Қазір 53,0 гектар алқаптан 3,6 мың тонна өнім алынып, әр гектардағы орташа өнім 685 центнерді құрады.

Жалпы, қант қызылшасынан 450 мың тоннадан астам өнім алу күтілуде. Жиналған тәтті түбір облыстағы Тараз және Меркі қант зауыттарында өңделетін болады.

Осы жылы қант қызылшасы өнімінің сатып алу бағасы тоннасына 40,0 мың теңгені құрады. Яғни қант зауыттары өткізілген өнімнің тоннасына 15,0 мың теңге төлесе, мемлекет тарапынан 25,0 мың теңге субсидия берілетін болады, – дейді басқарма мамандары.

Тараз қант зауытында шикізатты қабылдау жұмыстары 25 қазаннан басталды. Қазір зауытқа тәулігіне 1 000 тонна өнім өткізілуде. Қараша айында бұл көрсеткішті кезең-кезеңімен арттыру жоспарланған.

Қант қызылшасының қарқынын арттырып отырғандардың бірі – Қапал ауылындағы «Жанболат» шаруа қожалығы.

Шаруашылық биыл 7,5 гектар алқапқа дәндік жүгері егіп, 53,3 тонна өнім жинаған. Орташа өнімділік гектарына 71 центнерге жеткен. Сонымен қатар 15 гектар жерге қант қызылшасы егілген. Аталған алқап бойынша жоспарланған өнімділік гектарына 800 центнерді құрайды.

2007 жылы құрылған шаруашылықтың материалдық-техникалық базасында 2 трактор, 1 шөп оратын комбайн, 1 жүк автокөлігі және 5 тіркеме бар.

Байзақ ауданындағы «Аспан Агро» шаруа қожалығының басшысы Саха Манатовтың айтуынша, биыл 400 гектарға қант қызылшасын еккен екен.

Егістік алқабын сумен қамтамасыз ету үшін 17 ұңғыма қазылып, ұзындығы 56 шақырым жерасты су құбырлары тартылған.

Жалпы Байзақ ауданында 58 622 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылған. Бүгінгі күнге дейін аудан бойынша 590 018 тонна ауыл шаруашылығы өнімі жиналып отыр.

– Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуға баса назар аударды. Әсіресе экономиканың негізгі салаларын дамытуға, өнімді терең өңдеуге және еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жобаларға басымдық беруді тапсырды. Біз бұл бағыттағы жұмысты белсенді түрде жалғастырамыз.

Мәселен, биыл Шу ауданындағы жүгеріні терең өңдеу зауытын шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында 25 600 гектар алқапқа жүгері егілді. Алдағы жылдары егіс көлемін 60 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Ал Байзақ ауданында жыл сайын 1 000 гектарға дейін дәндік жүгері егілсе, биыл бұл көрсеткіш 4 000 гектарға жеткізілді. Осы орайда шаруаларды жүгері алқаптарын кеңейтіп, бірлесіп, белсенді жұмыс істеуге шақырамын. Қант қызылшасы бағытында да жұмыстар қарқынын жоғалтпауы тиіс, – дейді облыс әкімі Ербол Қарашөкеев.

Жамбыл облысында Тараз қант зауытын жаңғырту жұмыстарын белгіленген мерзімде аяқтауға баса назар аударылып отыр. Кәсіпорынды іске қосуға қажетті шараларды жеделдету тапсырылуда. Сонымен қатар қант қызылшасын қабылдау, тасымалдау және өңдеу үдерістерін үйлестіру, шаруалардың өнім өткізуіне қолайлы жағдай жасауға басымдық берілмек.

> **Шаруашылық биыл 7,5 гектар алқапқа дәндік жүгері егіп, 53,3 тонна өнім жинаған. Орташа өнімділік гектарына 71 центнерге жеткен. Сонымен қатар 15 гектар жерге қант қызылшасы егілген. Аталған алқап бойынша жоспарланған өнімділік гектарына 800 центнерді құрайды.**

Тараз қант зауытының өндірістік қызметін қайта жандандыру мақсатында 2025 жылдан бастап жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Жобаның жалпы құны – 12,4 млрд теңге. Зауыт толық іске қосылғаннан кейін жылына шамамен 250 мың тонна қант қызылшасын өңдеуге қауқарлы болады. Ал тәулігіне өндірістік қуаты 3 мың тонна қант қызылшасын өңдеуге жетеді.

Қазіргі уақытта негізгі өндірістік нысандарда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп, қажетті шаралардың басым бөлігі аяқталған. Қант қызылшасын қабылдау, жуу, өңдеу, шырынды тазарту, сүзу, буландыру, кристалдандыру және центрифугалау желілеріне арналған негізгі технологиялық жабдықтар жеткізіліп, монтаждау жұмыстары атқарылуда.

Бүгінде зауытты іске қосуға дайындық деңгейі 95 пайызды құрайды. Жұмыстарды жеделдету үшін 10 мердігер ұйым екі ауысымда жұмыс істейді.

Міне, осылайша жергілікті билік өткен жылдардағы қателікті қайталамау үшін Тараз қант зауытының құрылысына басымдық беріп отыр. Кәсіпорын толықтай іске қосылғанда шаруалар өнімін қайда апарарын білмей шырыл қақпайтыны анық.

АЛАҢ ДА АЛАҢ, АЛАҢ ЖҰРТ

Атырау облысында мал арасында ауру таралып, төрт түліктің шығынға ұшырауы шаруаларды алаңдатып отыр. Мақат ауданындағы «Білеулі ата» учаскесінде ірі қара мал белгісіз дерттен қырылуда. Жергілікті малшы он шақты бас шығын болғанын айтса, облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасы әзірге екі жағдайды ғана растап отыр. Өлген малдан алынған сынаманың зертханалық қорытындысы әлі дайын емес. Шынын айту керек, мал арасында аурудың тарауы Атырау өңірі үшін жиілеп барады. Себебі естеріңізде болса, жыл басында ғана Құрманғазы ауданында да мал ауруы тіркеліп, карантиндік іс-шаралар қабылданғанын хабарлаған едік. Әртүрлі ауданда, әр кезеңде анықталған бұл оқиғалар бір ауруға қатысты болмаса да, облыстағы ветеринариялық қауіпсіздік, алдын алу шаралары мен шаруалардың жауапкершілігіне қатысты бірқатар мәселені күн тәртібіне шығарып отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы



> **Мал ауруы мен өлім-жітім мәселесі Мақат ауданымен ғана шектелмейді. Бұған дейін Атырау облысының Құрманғазы ауданында да ірі қара арасында жұқпалы ауру тіркеліп, мал шығыны болғанын хабарлаған едік.**

ОН МАЛ ӨЛДІ МЕ, ӘЛДЕ ЕКЕУ ҒАНА МА?

Мақат ауданындағы «Білеулі ата» учаскесінде ірі қараның белгісіз аурудан қырылып жатқаны туралы мәлімет тарағаннан кейін жергілікті малшылардың жағдайы тағы да назарға ілікті. Жергілікті тұрғындардың малын ақылы түрде бағатын жеке шаруа Назбек Тастеміров соңғы уақытта мал арасында ауру көбейіп, жануарлар бірінен соң бірі өле бастағанын айтқан. Оның есебінше, қазірдің өзінде он шақты ірі қара өлген.

– Мал жатып қалады да, артқы аяқтарына тұра алмайды. Жануарлар шөп пен жем жеуден қалады, біртебірте әлсіреп, өледі. Мұның қандай ауру екенін білмейміз. Бәлкім, бұл эмкар (эмфизематозды карбункул) шығар. Әдетте оған қарсы екпе көктемде салынады, бірақ биыл вакцинация жүргізілген жоқ, – дейді Назбек Тастеміров.

Шаруаның айтуынша, малдың ауруға шалдығуы мен өлім-жітімнің көбеюі оның жұмысына да кері әсер еткен. Мал иелеріне жағдайды түсіндіріп, төрт түлікті кері қайтаруға мәжбүр болған. Алайда ресми дерек пен шаруаның есебінде айырмашылық бар. Біздің ресми сұрауымызға жауап берген Атырау облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Амангелді Саламаттың мәліметінше, Мақат ауданында ірі қара мал арасында тараған ауру салдарынан екі малдың өлімі тіркелген.

28 қазанда өлген екі малдан сынама алынып, зертханаға жіберілген. Нәтижесі шыққаннан кейін ғана өлімнің нақты себебі белгілі болмақ.

Басқарманың хабарлауынша, қазір ауданда жануарлардың аса қауіпті саналатын сегіз түрлі ауруына қарсы жоспарлы вакцинация жүргізіліп жатыр. Осы жерде бірнеше заңды сұрақ туындайды. Егер шаруаның айтуынша он шақты мал өлсе, неге ресми есепте екі жағдай ғана көрсетілген? Қалған мал ветеринариялық есепке алынбаған ба, әлде олардың өліміне басқа себептер әсер етті ме? Ең бастысы, аурудың алғашқы белгілері байқалған сәттен бастап ветеринариялық қызмет қандай шара қабылдады? Бұл сұрақтарға әзірге нақты жауап жоқ. Дегенмен басқарма әзірге өңірдің бірде-бір шаруа қожалығында карантин жарияланбағанын хабарлады.

ӨҢІРДЕГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ КІМ ЖАУАПТЫ?

Мал ауруы мен өлім-жітім мәселесі Мақат ауданымен ғана шектелмейді. Бұған дейін Атырау облысының Құрманғазы ауданында да ірі қара арасында жұқпалы ауру тіркеліп, мал шығыны болғанын хабарлаған едік.

Атап айтқанда, 2026 жылдың басында ауданның Дыңғызыл, Бөкейхан, Еңбекші және Құрманғазы ауылдық округтерінде инфекциялық ринотрахеит анықталғаны туралы ақпарат тарады. Әрине Құрманғазы мен Мақат аудандарындағы жағдайларды бір аурудың таралуы деп қарастыруға болмайды. Бірінде инфекциялық ринотрахеит тіркелсе, екіншісінде мал өлімінің себебі зертханалық жолмен әлі анықталған жоқ.

Дегенмен әр кезеңде әртүрлі ауданда мал ауруларының тіркелуі өңірдегі ветеринариялық қызметтің жұмысын, аурудың алдын алу жүйесін және шаруашылықтардағы ветеринариялық талаптардың орындалуын қайта қарау қажет екенін көрсетеді.

Өйткені мал ауруы тіркелгеннен кейін ғана әрекет ету жеткіліксіз. Ең маңыздысы – аурудың алдын алу, вакцинацияның уақытылы жүргізілуі, малды тұрақты тексеру және күмәнді белгілер анықталған кезде жедел әрекет ету.

МАЛДЫҢ ӨЛІМІ – ШАРУАНЫҢ ТАБЫСЫНА СОҚҚЫ

Ауылдағы мал шаруашылығы көптеген отбасының негізгі күнкөріс көзі екені белгілі. Бірнеше бас ірі қарадан айырылудың өзі шағын шаруашылық үшін елеулі қаржылық шығын.

Ал малын басқа адамның қарауына сеніп тапсырған тұрғындар үшін де мұндай жағдай қосымша қиындық туғызады. Малдың неден өлгені белгісіз болса, шығынды кім өтейтіні, жауапкершіліктің кімге жүктелетіні және ветеринариялық қызметтің қандай көмек көрсететіні түсініксіз болып отыр. Өтемұрат Ақжігітов – Мақат ауданының тумасы. Ес білгелі әкесімен бірге сиыр бағып келе жатқан ол қазір де мал бағумен күн көріп отыр. «Үлкен шаруашылығым жоқ. Әкем қартайғанға дейін трактор жүргізіп, отбасын асырадым, қазір үлкен кісі қартайды, балалар өсті. Әкемнен қалған жиырма шақты қой мен он шақты сиырды бағып, арасында сүт, айран, қаймақ сатамыз. Кейде жілікке ет таратамыз. Енді ауданнан аурудың шығуы тіке маған қатысы болмаса да, алаңдатып отыр. Біріншіден, мал жайылымда, ауру неден жұғатынын білмейміз. Екіншіден, бізден қалаға тұрақты түрде сүт, ет алдырып отырған азды-көпті тұтынушыларымыз тіксініп қалды. Шағын саудамыз тұрып қалды. Вакцинаға келетін болсақ, барынша малды егуге тырысамыз. Бірақ малға да бап керек, сегіз түрлі вакцинаны бір сәтте салдырмайтынымыз ақиқат. Әр вакцинаның өз уақыты бар», – дейді шаруа.

ТҰТЫНУШЫҒА ДА ҚАТЫСЫ БАР МӘСЕЛЕ

Айтса айтқандай, малдың ауруға шалдығуы мен қырылуы тек ауылдағы шаруалардың мәселесі емес. Бұл – мал өнімдерінің қауіпсіздігіне де тікелей қатысы бар тақырып.

Қала мен ауыл тұрғындары күнделікті тұтынатын сүт, айраннан бөлек, еттің қайдан келгеніне, ветеринариялық тексеруден өткен-өтпегеніне алаңдауы заңды.

«Қарапайым тұтынушы ретінде айтар болсақ, базардан ет сатып алған кезде оның сау малдан алынғанына және тиісті ветеринариялық бақылаудан өткеніне сенімді болғымыз келеді. Ал өңірде мал арасында белгісіз ауру тарағаны туралы ақпарат шыққанда бұл сенімге де әсер етеді. Сондықтан мұндай жағдайда тұрғындарға дүрбелең туғызбай, нақты әрі түсінікті ақпарат беру маңызды. Қай аумақта ауру тіркелді? Қандай шектеу шаралары қабылданды? Ауру малдың еті айналымға түспеуін кім бақылайды? Өлген мал ветеринариялық талаптарға сай жойыла ма?», – дейді қала тұрғыны, көпбалалы ана Мәлика Қожамжарова.

Бүгінде Мақат ауданындағы мал өлімінің нақты себебі белгісіз. Зертханалық қорытынды шыққанша эмкар немесе басқа да ауру туралы нақты тұжырым жасауға негіз жоқ.

Алайда мәселені тек зерттеу нәтижесін күтумен шектеуге болмайды. Шаруалардың айтуынша, мал шығыны жалғасып жатса, ветеринариялық қызметтің әрекеті де жедел болуы керек.

Өйткені мал ауруы – тек ветеринарлардың кәсіби мәселесі емес. Бұл – ауылдағы табыс, азық-түлік қауіпсіздігі және тұтынушы денсаулығына қатысты қоғамдық маңызы бар мәселе.

АЙМАҚ

10 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ

ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНА СЕРПІН БЕРГЕН ӨНДІРІС

Семейде тазартылған өсімдік майын құю және қаптау цехының пайдалануға берілуі – Абай облысының индустриялық дамуындағы маңызды қадам. Құны 8,4 миллиард теңгені құрайтын жоба өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге, экспорт көлемін ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.



Эльмира ЖҮРСІНБЕККЫЗЫ,
Абай облысы

Экономиканың қуаты тек өндірілген шикізаттың көлемімен өлшенбейді. Оның басты көрсеткіштерінің бірі – сол шикізатты ел ішінде өңдеп, қосылған құны жоғары дайын өнімге айналдыра білу. Бұл – экономиканы әртараптандырудың, импортқа тәуелділікті азайтудың және отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі жолы. Осы тұрғыдан алғанда, Абай облысында жүзеге асып жатқан жаңа өндірістік жобалардың маңызы айрықша. Жуырда Семей қаласында Qazaq Astyq Group серіктестігінің тазартылған өсімдік майын құю және қаптау цехы пайдалануға берілді. Бұл – өңірдің агроөнеркәсіптік әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Іс-шараға Абай облысының әкімі Берік Уәли, Бас прокуратураның Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Бауыржан Ералы, облыс прокуроры Нұрсұлтан Рақышев және Qazaq Astyq Group серіктестігінің құрылтайшысы Әсемхан Доскожанов қатысты.

Жаңа кәсіпорынның ашылуы жай ғана тағы бір өндірістік нысанның іске қосылуы емес. Бұл – өңірде өндірістік мәдениетті қалыптастыруға, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге және экономиканың нақты секторын дамытуға жасалған кезекті қадам.

Жобаның жалпы құны 8,4 миллиард теңгені құрайды. Оның аясында 104 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Ал кәсіпорындағы өсімдік майын рафинациялау өндірісінің жобалық қуаттылығы тәулігіне 200 тонна тазартылған күнбағыс майын өндіруге есептелген. Жылдық өндіріс көлемі 73 мың тоннаға дейін жетпек. Бұл – өңір үшін елеулі өндірістік көрсеткіш. Әсіресе ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу саласының әлеуетін ұштастыру арқылы тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізуге мүмкіндік беретін жоба екені анық.

Аймақ басшысының айтуынша, жаңа өндіріс орнының аймақ экономикасын дамытудағы маңызы зор. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өндірісті әртараптандыру, отандық нарықты өз өнімімізбен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында соңғы жылдары Абай облысында жаңа өндірістерді іске қосуға және өңдеу өнеркәсібін дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді.

«Кәсіпорынның жаңа цехының іске қосылуы өңірдің өңдеу өнеркәсібін дамытуға, отандық дайын өнім көлемін ұлғайтуға және азық-түлік нарығын сапалы өніммен қамтамасыз етуге үлес қосады деп сенемін», – деді Берік Уәли.

Расында, бүгінде отандық өндірісті дамыту – экономикалық саясаттың басым бағыттарының бірі. Өйткені ел экономикасының тұрақтылығы сырттан келетін тауарларға тәуелділікті төмендетумен, ішкі нарықтағы сұранысты жергілікті кәсіпорындардың өнімі арқылы қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі де осы міндетпен сабақтас. Халық күнделікті тұтынатын өнімдердің сапасы, қолжетімділігі және тұрақты жеткізілуі елдің өндірістік мүмкіндігіне тікелей тәуелді.

Осы ретте күнбағыс майын өңдеп, дайын өнім ретінде нарыққа ұсынатын кәсіпорындардың орны ерекше. Себебі өсімдік майы – халықтың күнделікті тұтынатын негізгі азық-түлік тауарларының бірі. Оны отандық кәсіпорындарда өңдеу мен қаптау ішкі нарықтағы ұсынысты арттыруға және өндірістік тізбектің тиімділігін күшейтуге ықпал етеді.

Мұнда тағы бір маңызды жайт бар. Шикізатты сыртқа жөнелтіп, дайын өнімді қайта сатып алудың орнына оны ел ішінде өңдеу экономикалық тұрғыдан әлдеқайда тиімді. Өңдеу барысында жаңа жұмыс орындары ашылады, өндірістік инфрақұрылым дамиды, кәсіпорындар арасында әріптестік байланыс қалыптасады. Ең бастысы, өнімнің қосылған құны ел экономикасында қалады. Сондықтан Qazaq Astyq Group жобасын тек жеке кәсіпорынның дамуымен шектеуге болмайды. Ол – өңірдің өндірістік әлеуетін арттыруға бағытталған кеңауқымды экономикалық үдерістің бір бөлігі.

Кез келген инвестициялық жобаның тиімділігі оның қаржылық көрсеткіштерімен ғана емес, халықтың тұрмыс сапасына тигізетін әсерімен де бағалануға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа цехтың 104 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік беруі – маңызды әлеуметтік нәтиже. Өйткені өндірістің дамуы ең алдымен еңбек нарығына оң ықпал етеді. Жаңа жұмыс орындары ашылған сайын тұрғындардың тұрақты табыс табуына, кәсіби біліктілігін жетілдіруіне және отбасылық әл-ауқатын жақсартуына жағдай жасалады. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың көбеюі өңірдегі еңбек ресурстарына деген сұранысты да арттырады. Бұл әсіресе техникалық мамандықтардың беделін көтеруге, жастарды өндіріс саласына тартуға және кәсіби кадрлар даярлау жүйесін дамытуға жол ашады.

Өндірістің тұрақты жұмысының пайдасын кәсіпорын қызметкерлері ғана көрмейді. Мұндай нысандар логистика, тасымал, жабдықтау, техникалық қызмет көрсету, қаптама өндірісі және өзге де ілеспе салалардың дамуына серпін береді. Демек, 104 жұмыс орны – тек статистикалық көрсеткіш емес. Бұл – өңірдегі экономикалық белсенділіктің артуына ықпал ететін нақты мүмкіндік.

«Бұл көрсеткіштердің артында ауқымды инвестициялар, жаңа өндіріс орындары және мындаған әлеуетті жұмыс орны тұр», – деді Бауыржан Ералы.

Шын мәнінде, инвестиция тарту – бірреттік шара емес, жүйелі жұмысты талап ететін күрделі үдеріс. Инвестордың жобаны жоспарлауынан бастап, құрылыс жұмыстарын жүргізуіне, өндірістік жабдықтарды орнатуына және кәсіпорынды іске қосуына дейінгі кезеңдерде түрлі әкімшілік, құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелер туындауы мүмкін.

Мұндай жағдайда мемлекеттік органдардың міндеті – кәсіпкердің заңды құқықтарын қорғап, негізсіз кедергілердің алдын алу, инвестициялық бастамалардың жүзеге асуына қолайлы жағдай жасау.

Абай облысындағы инвестициялық жобалардың прокуратура органдарының сүйемелдеуімен жүзеге асуы осы бағыттағы жұмыстардың маңызын көрсетеді. Инвестор үшін сенімділік қалыптасқан жерде жаңа бастамаларға жол ашылады. Ал жаңа бастамалар нақты өндіріс орындарына, жұмыс орындарына және өңір бюджетіне түсетін түсімдердің артуына негіз болады.

Жаңа өндірістің ашылуы – үлкен жұмыстың бастамасы. Ал оның ел экономикасына тигізетін нақты пайдасы кәсіпорынның ұзақмерзімді әрі тұрақты жұмыс істеуімен өлшенеді. Сондықтан ендігі міндет – жобада көзделген өндірістік қуатқа кезең-кезеңімен қол жеткізу, жаңа жұмыс орындарын қамтамасыз ету, өнім сапасын жоғары деңгейде сақтау және экспорттық нарықтарды кеңейту. Өңір үшін мұндай кәсіпорындардың тұрақты жұмыс істеуі айрықша маңызды. Өйткені әрбір жаңа өндіріс – экономикалық белсенділіктің артуы, жергілікті мамандардың жұмыспен қамтылуы және өндірістік тәжірибенің жинақталуы. Ашылу салтанатында облыс әкімі Берік Уәли де осы бағыттағы жұмыстың жалғасатынын атап өтті. Оның айтуынша, облыс әкімдігі өндірісті дамытуға бағытталған бастамаларды қолдап, инвесторлармен бірлескен жұмысты жүйелі түрде жалғастыра береді. Бұл – өңірдің даму стратегиясындағы маңызды ұстаным. Себебі инвестициялық жобалардың нәтижелі жүзеге асуы үшін мемлекеттік қолдау мен жеке кәсіпкерліктің мүддесі өзара үйлесуі қажет.

Бүгінде Абай облысының алдында жаңа экономикалық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану, өндірістік әлеуетті арттыру және өңірді индустриялық тұрғыдан дамыту міндеті тұр. Осы мақсатта іске қосылып жатқан кәсіпорындар аймақтың экономикалық келбетін өзгертуге ықпал ететіні сөзсіз. Семейде ашылған тазартылған өсімдік майын құю және қаптау цехы – осы бағыттағы нақты қадамдардың бірі. Құны 8,4 миллиард теңгелік жоба, тәулігіне 200 тонна өнім өндіруге есептелген қуаттылық және 104 жаңа жұмыс орны – мұның барлығы өңір экономикасының дамуына берілген серпін. Ең бастысы, жаңа өндіріс шикізат өндіруден дайын өнім шығаруға дейінгі экономикалық тізбекті нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл – ел экономикасының тұрақтылығын арттыруға бағытталған маңызды басымдық.

Өндіріс өркендесе, өңірдің әлеуеті артады. Ал өңірдің әлеуеті артқан сайын ел экономикасының іргесі де беки түседі. Сондықтан бүгінгі іске қосылған әрбір кәсіпорынды ертеңгі экономикалық өсімнің берік негізі деп бағалауға толық негіз бар.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ ТІРЕГІ

Шымкент қаласының көрікті орындарының бірі Дендрологиялық саябақта ашық аспан астында ерекше форматтағы тағылымды іс-шара өтті. Абай ауданы әкімдігінің аппараты мен Шымкент қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның ұйымдастыруымен «Күзгі шабыт – жаңа мүмкіндіктер» атты кездесу өтіп, онда әйелдердің қоғамдағы рөлі, кәсіпкерлік белсенділігі және отбасылық құндылықтарды дәріптеу мәселелері кеңінен талқыланды.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Қазір елімізде отбасы институтын нығайту, әйелдердің экономикалық дербестігін арттыру және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларына сәйкес мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Осы тұрғыда Шымкентте өткен бұл шара орталық пен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысының жарқын көрінісі болды. Кәсіпкерлік – әйелдердің өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін сала. Іс-шараның негізгі мақсаты да өз кәсібін енді бастағысы келетін немесе бар кәсібін кеңейтуді көздейтін әйелдерге мемлекеттік қолдау тетіктерін түсіндіру, оларды кәсіпкерлікке тарту және құқықтық-психологиялық қолдау көрсету болды.

Жиын барысында Абай ауданы әкімдігі аппаратының әлеуметтік қолдау бөлімінің басшысы Меруерт Тұтқышбаева сөз алып, іс-шараның мән-маңызына тоқталды.

– Бұл кездесудің басты мұраты әйелдің қоғамдағы орнын айшықтау, оның тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар экономиканың белсенді субъектісі екенін көрсету. Біз әйелдер кәсіпкерлігін қолдау арқылы отбасының әл-ауқатын, балалардың болашағын, тұтас қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етеміз. Бүгін алаңда кеңес беру бұрыштары жұмыс істеп, мемлекеттік гранттар, жеңілдетілген несиелер, кәсіптік оқыту курстары жөнінде толық ақпарат берілді, – деді ол.

Мұндағы саябақ аумағында тігілген ақпараттық шатырларда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Жұмыспен қамту орталығының мамандары жеке-жеке кеңес берді. Әйелдер «Еңбек», «Бастау Бизнес», «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту» сынды бағдарламалар арқылы 400 АЕК-ке дейінгі қайтарымсыз грантты қалай алуға болатынын, төмен пайызбен несие рәсімдеудің жолдарын білді. Шараның сәнін келтірген тағы бір бөлім жергілікті қолөнерші және кәсіпкер әйелдердің жәрмеңкесі болды. Мемлекеттік қолдаумен өз ісін дөңгелетіп отырған 30-ға жуық әйел өз өнімдерін ұлттық нақыштағы киімдер, қолдан жасалған тәттілер, тоқыма бұйымдары мен табиғи косметиканы көпшілік назарына ұсынды. Бұл мемлекеттік көмектің нақты нәтижесінің дәлелі. Отбасы – қоғамның алтын қазығы.

Іс-шара тек экономикалық қолдаумен шектелген жоқ. Гендерлік саясаттың ажырамас бөлігі – отбасылық құндылықтарды сақтау. Осы мақсатта алаңда Отбасын қолдау орталықтарының, қалалық емханалардың білікті психологтары мен заңгерлері құпия және тегін қабылдау жүргізді. Кез келген әйел тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық қарым-қатынасты нығайту, бала тәрбиесі, репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша кәсіби кеңес ала алды. Бұл қиын жағдайға тап болған әйелдер үшін ашық есік, сенімді тірек болғаны сөзсіз. Жиынға Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, кәсіпкер әйелдер және қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Күзгі жапырақтармен көмкерілген фотозона қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, отбасымен бірге түскен естелік суреттерге толы болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Күзгі шабыт – жаңа мүмкіндіктер» форматындағы кездесулер алдағы уақытта Абай ауданына қарасты барлық елді мекенде, яғни Қатын көпір, Қызылжар, Алтынтөбе, Жайлау шағынаудандарында тұрақты түрде жалғасады. Мұндай игі бастамалар әйелдің қоғамдағы мәртебесін көтеріп қана қоймай, берік отбасы қуатты мемлекет қағидатын іс жүзінде жүзеге асыруға жол ашады. Өйткені кәсібі бар, құқығы қорғалған, қолдау көрген әйел – тәрбиелі ұрпақ, тату отбасы, тұрақты қоғам кепілі.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Бүгінгі әлемнің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Қазіргі геосаяси өзгерістер жағдайында бұл мәселенің өзектілігі одан сайын арта түсті. Осыған орай таяуда Алматыдағы Нархоз университетінде Mind for Peace атты халықаралық конференция өтті. Жиында бейбітшілік, орнықты даму, өңірлік ынтымақтастық және жаһандық басқару мәселелері сөз болды.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Mind for Peace халықаралық конференциясының негізгі идеясы білім мен ғылым арқылы бейбітшілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Жаһандық диалог және көпжақты зерттеулер институтының директоры Айжан Болатқанқызының дерегінше, бұл бастаманың тарихы бес жыл бұрын бастау алған. Сол уақытта қолға алынған идеяның негізінде ақыл-ойдың қоғам өміріндегі рөлі мен адамның бейбітшілік алдындағы жауапкершілігі жатыр.

– Ақыл-ой – адамның бүкіл іс-әрекетін айқындайтын күш. Қоғамдағы мінез-құлық, адамдар арасындағы қарым-қатынас, түрлі қақтығыстар – мұның бәрі адамның білімі мен тәрбиесіне байланысты. Біздің идеямыздың мәні де осында. Mind for Peace тіркесінің екінші түсіндірмесі бар. Ол жай ғана «Бейбітшілік жолындағы ақыл-ой» емес, сонымен қатар «Бейбітшілікті ойла» деген міндетті қағида ретінде қабылдануы қажет. Қандай іспен айналыссаң да, оның бейбітшілікке қызмет етуін ойлауың тиіс, – деді Айжан Смаилова-Шмидт.

Университет өкілінің сөзінше, бұл ұстаным болашақ көшбасшыларды тәрбиелеуде де басты бағдарға айналуы қажет. Қазір Нархоз университеті БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасы аясында 16-Тұрақты даму мақсаты – «Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар» бойынша жаһандық хаб төрағасының орынбасары мәртебесіне ие. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін университет BirliNk C5+ өңірлік академиялық платформасын іске қосқан. Айжан Болатқанқызының айтуынша, жоба атауы Орталық Азия елдерінің бірлігі мен халықаралық байланысын білдіреді. Бұл идея әртүрлі елден жиналған жастар арасында байланыс орнатып, олардың ортақ бастамалар төңірегінде бірігуін мақсат тұтады. Бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздік мәселесін талқылағанда жасанды интеллектінің ықпалын да ескермеуге болмайды. Қазір бұл технология экономика мен еңбек нарығына ғана емес, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа да әсер етіп отыр. Конференция аясында пікір білдірген Global Governance Institute жасанды интеллекті басқару бағдарламасының жетекшісі Кристофер Ламонт ақылды технологияның геосаяси тәуекелдеріне назар аударды.


– Жасанды интеллектіні тек геосаяси бәсеке мен қауіпсіздік тұрғысынан қарастыру мемлекеттер арасындағы сенімсіздікті күшейтуі мүмкін. Мұндай жағдайда елдер технологиялық ынтымақтастықты өзара тиімді байланыс емес, ықтимал қауіп ретінде қабылдай бастайды. Соның салдарынан бір-бірімен бәсекелесетін жасанды интеллект экожүйелері қалыптасады. Ал технологиялық мүмкіндігі жоғары мемлекеттердің өз ресурстарына қолжетімділікті шектеуі дамушы елдер үшін қосымша кедергі тудырады, – деді ол.

Сарапшы Қазақстанның Қытай бастамашы болған WAICO ұйымы мен АҚШ жетекшілік ететін Pax Silica бастамасына қатар қатысуын ерекше атап өтті. Оның пайымынша, қазіргі технологиялық ынтымақтастықтың бұрынғы геосаяси блоктардан айырмашылығы бар. Мемлекеттер белгілі бір тарапты таңдауға міндетті емес. Ең алдымен, өз қажеттілігіне сай технологияларды пайдаланып, жасанды интеллект саласында дербес стратегия қалыптастыруға мүмкіндік бар.

Конференция тақырыбына арқау болған жаһандық қауіпсіздік мәселесіне орай Кристофер Ламонт жасанды интеллектіні қауіпті мақсатта пайдалану мәселесін де айналмай өтпеді. Маманның болжамына сүйенсек, әлемде технологияның қолжетімді болуы кибершабуылдар мен биологиялық қаруға байланысты қауіптерді күшейтуі мүмкін. Сол себепті мемлекеттер жасанды интеллект жүйелерін пайдаланушыларға ұсынбас бұрын мұқият тексерістен өткізгені абзал.

SPORT STYLE

10 ҚАРАША 2026 | СЕЙСЕНБІ



Осыдан бірнеше күн бұрын ғана Таразда бокстан Қазақстан чемпионаты мәресіне жетті. Биылғы ел біріншілігі 30 қазанда басталып, 1 аптаға жалғасты. Айта кетерлігі, дүбірлі дода Әулиеата жерінде 12 жылдан кейін қайта ұйымдастырылып отыр. Спорттық сынға 337 (223 ер, 124 әйел) спортшы қатысып, 20 салмақ дәрежесі бойынша бақ сынасты. Олардың тоғызы, яғни ерлер арасында 5 боксшы және әйелдер арасында 4 спортшы мансабында алғаш рет ел чемпионы атанды. Таразда өткен тартыстың басты жаңалығы да осында: бокс әлемі жас чемпиондармен толыға түсті.

ТАРТЫСТЫ БОКС ТА ТӘМАМ

Айсұлу СЪЕЗХАН



4 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ЖЕҢІС

Расымен де, биылғы чемпионат нағыз сенсацияларға толы болды. Мәселен, 65 келі салмақтағы спортшы Абзал Серік финалдық бәсекеде Париж Олимпиадасының қатысушысы Мұхаммедсабыр Базарбайұлынан 5:0 есебімен басым түсті. Бұған дейін ол допинг дауына іліккен еді. 2023 жылы Серік Қазақстанның Ұлттық допингке қарсы орталығы дисквалификациялаған спортшылардың тізіміне енді. Оның допинг-сынамасынан тыйым салынған анаболикалық стероид – метастерон анықталды. Боксшы араға 4 жылға жуық уақыт салып, шаршы алаңға қайта оралып отыр. Дегенмен жанкүйерлері оның жеңіске жететініне сенім артты, Серік өз еңбегін дәлелдеп шықты.

Жаттықтырушысы Ілияс Оралбеков шәкіртінің осы уақытта спорттан қол үзбей, тыңғылықты дайындықта жүргенін айтып, қуанышын жеткізді. «Қандай эмоция! Қаншама еңбек! Жігіт төрт жыл бойы мақсатына ұмтылды, аянбай еңбек етті, тіпті такси де жүргізді. Бірақ ақыры мақсатына жетті. Құдайға шүкір», – деген еді жаттықтырушы.

Боксшы 2019 жылы жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионы және 2021 жылы жастар арасындағы Азия чемпионы атанған, енді Қазақстанның 4 дүркін чемпионы болып отыр.

ЕҢ ЖАС ЧЕМПИОН

Ел біріншілігінің тағы бір жаңалығы – 18 жасар боксшының чемпион атануы. Жетісу облысының намысын қорғаған 60 келідегі Әділбек Қожахан финалда Бибарыс Жексенді 5:0 есебімен жеңіп, Қазақстан чемпионы атанды. Ол бәсекенің барлық кезеңінде қарсыластарын шаң қаптырып, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Жас боксшы жартылай финалда әлем және Азия чемпионы Оразбек Асылқұловты да жарыс жолынан шығарды. Осылайша, Әділбек Қожахан 18 жасында чемпион атанып, ерлер арасындағы ең жас чемпион ретінде ел есінде қалды. Сонымен қатар бокстағы жаңа есімдердің қатарында көрінген шымкенттік Бексұлтан Қожамжар да бар. 55 келіде өнер көрсеткен спортшы ақтық сайысқа дейін қарсыластарынан есе жібермеді. Ол жартылай финалда Тимур Қабдешовке еш мүмкіндік бермей, 5:0 есебімен жеңіске жетті. Бокс мамандары Бексұлтаннан да үлкен үміт күтіп отыр, себебі оның да жасы небәрі он сегізде және аяқ алысы жаман емес.

Ал 75 келіде алматылық Нұрбек Мұрсал чемпион атанды. Ол шешуші кездесуде Түркістан облысының намысын қорғаған Аман Қонысбековті жеңді. Бұл салмақта әлем чемпионатының финалисі Әбілхан Аманқұл қола жүлдемен ғана шектелді. 80 келіде жастар арасындағы әлем чемпионы Санжар-Әли Бегалиев осы атақтың тағы бір иегері Өнер Сейілханды жеңіп, алтын жүлдені қанжығасына байлады.

Ауыр салмақтарда да бәсеке тартысты өтті. 90 келіде ақтөбелік Дәулет Төлемісов Сағындық Тоғамбайдан басым түссе, 90 келіден жоғары салмақта алматылық Данияр Рахымбердинов алтын медаль жеңіп алды. Дәулет Төлемісов былтыр 85 келідегі санатта топ жарса, биыл 90 келіде өнер көрсетіп, алтынға ие болды.

ҚЫЗДАР ДА СЕНСАЦИЯ ЖАСАДЫ

Әйелдер арасындағы қорытынды жекпе-жектің де маңызды жаңалығы жоқ емес. Жарыс жолының бас сенсациясы әйелдер арасында 54 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде тіркелді. Әлемнің үш дүркін чемпионы Назым Қызайбай бұл жолы Шымкент боксшысы Элина Базароваға есе жіберіп, күміс жүлдені міне тұтты. Жақында Назым Қызайбай 51 келіден 54 келі салмақ дәрежесіне ауысқан еді. Осы санатта бірнеше әлемдік жарыста бақ сынап та үлгерді. Ол Жапонияда өткен Азия ойындарының 1/8 финалында қытайлық Чжао Сюаньмен кездесіп, 4:1 есебімен жеңіліп қалған еді. Сонымен қатар биыл Қытайдағы Әлем кубогының алтын жүлдесіне ие болды.

Ал 57 келіде жастар арасындағы әлем чемпионы Ұлжан Сәрсенбек Шахназ Исаевадан басым түсіп, Қазақстан чемпионы атанды. 65 келіде Қарағанды облысының боксшысы Аида Әбікеева да алтын медаль иеленді. Биыл Әлем чемпионатының финалистері Виктория Графеева мен Елдана Талипова спорттық мансабында алғаш рет Қазақстан чемпионы атағына қол жеткізді.

Қостанай облысының спортшысы 80 келіде өнер көрсеткен Надежда Рябец үшінші жыл қатарынан чемпион атанып отыр. Ол финалда U19 санатындағы әлем чемпионатының қатысушысы Айдана Убайдуллақызын жекпе-жексіз жеңіске жетті.

Жарыс қорытындысына көңіл аударсақ, Алматы қаласының боксшылары бес алтын медаль жеңіп алды. Шымкент қаласы мен Қарағанды облысының спортшылары үш реттен чемпион атанса, Түркістан облысының өкілдері екі алтынға ие болды. Жамбыл, Қызылорда, Жетісу, Астана, Ақтөбе және Қостанай облыстары мен қалаларының спортшылары да чемпиондық атаққа қол жеткізді. Осылайша, Тараздағы Қазақстан чемпионатында 20 алтын, 20 күміс және 40 қола медаль иегері анықталды.

Жалпы, ел чемпионатын өткізудегі негізгі мақсат – бокстағы кіл мықтыларды анықтаумен қатар, Ұлттық құрамаға кіретін боксшылардың тізімін анықтау. Жеңіске жетіп, алғашқы төрттіктен көрінген боксшылар енді Ұлттық құрама сапына алынады, арнайы дайындықтарға қатысып, әлемдік бәсекелерде бақ сынауға мүмкіндік алады. Жас чемпиондарды алда бірнеше басты бәсеке күтіп тұр. Мәселен, келер жылы Астанада өтетін World Boxing әлем чемпионаты мен 2028 жылғы Лос-Анджелес Олимпиадасына дайындықтар қолға алынып жатыр.

Әйелдер арасындағы қорытынды жекпе-жектің де маңызды жаңалығы жоқ емес. Жарыс жолының бас сенсациясы әйелдер арасында 54 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде тіркелді.



ДОДА

ХОККЕЙШІЛЕРДІҢ ҮШІНШІ ЖЕҢІСІ



Қазақстан ерлер құрамасы Оңтүстік Кореяның Чонджу қаласында өткен шайбалы хоккейден Азия чемпионатында топ жарды. Отандастарымыз соңғы ойында Оңтүстік Корея құрамасымен кездесті. Негізгі және қосымша уақытта командалар бір-бірінің қақпасына шайба соға алмады. Сондықтан жеңімпаз буллиттер сериясында анықталды. Нәтижесінде қазақстандық хоккейшілер 4:3 есебімен басым түсті. Ұлттық құрама бұған дейін Жапонияны 3:2, Қытайды 5:0 есебімен жеңген болатын. Жапония құрамасы күміс медальға ие болды, ал Оңтүстік Корея үздік үштікті түйіндеді.

Айта кетерлігі, Қазақстан құрамасы үшінші жыл қатарынан Азия чемпионы атанып отыр. Ұлттық команда бұған дейін 2024 және 2025 жылдары алтын медальға ие болған еді.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫН КҮМІС МЕДАЛЬМЕН АЯҚТАДЫ



Қазақстан құрамасы Қытайдың Нинбо қаласында өткен ауыр атлетикадан әлем чемпионатында өнер көрсетуін аяқтады. Байрақты бәсекеде ел намысын жеті спортшы қорғаған еді. Жарыс қорытындысы бойынша отандастарымыз бір күміс медаль жеңіп алды.

Құрама қоржынына жалғыз жүлдені 95 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түскен Нұрғиса Әділетұлы салды. Ол жұлқа көтеруде 182 келіні, ал серпе көтеруде 217 келіні бағындырды. Қос сайыс нәтижесінде 399 келіні көтерген қазақстандық зілтемірші әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Сонымен қатар Нұрғиса Әділетұлы жұлқа және серпе көтеру жаттығуларының екеуінде де екінші орын алып, тағы екі кіші күміс медаль иеленді. Нұрғиса 2022 жылы күміс жүлдеге ие болса, 2024 жылы әлем чемпионы атанған еді. Биыл қыркүйекте Аичи және Нагояда (Жапония) өткен жазғы Азия ойындарында күміс медаль иеленді.

Бұдан бөлек, Қазақстан құрамасының сапында ең жоғары нәтижеге Алексей Чуркин қол жеткізді. Ол 85 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде төртінші орын алып, жүлдеге бір қадам жетпей қалды.

Любовь Ковальчук 86 келіден жоғары салмақта алтыншы орынға тұрақтаса, Артем Антропов 110 келіге дейінгі салмақта сегізінші орын алды.

ЛОС-АНДЖЕЛЕСКЕ АЛҒАШҚЫ ЖОЛДАМАНЫ АЛДЫ



Асем Орынбай Катардың Доха қаласында өтіп жатқан ISSF спорттық атудан әлем чемпионатының финалында сәтті өнер көрсетті. Әйелдер арасындағы «скит» жаттығуының финалында қазақстандық спортшы 5-орынға ие болып, 2028 жылы АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласында өтетін XXXIV жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға арналған лицензиялық жолдаманы жеңіп алды. Бұл жетістіктің еліміз үшін маңызы – 2028 жылғы Олимпиада ойындарына қатысуға жеңіп алынған алғашқы олимпиадалық жолдама.

Катардың Доха қаласында оқпен және стенд атудан ISSF әлем чемпионаты 14 қарашаға дейін жалғаспақ. Додаға әлемнің 90 елінен 1000-нан аса спортшы қатысып жатыр. Еліміздің атынан 12 спортшы стенд атудан, ал 18 спортшы нысана көздеуден бақ сынап жатыр.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4812
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Кәмила ДҮЙСЕН